

## KÚN TÁRTIBI

ӨРКЕНДЕУ  
ӨЗЕГІ

3-бет

## QOǴAM

ПЕДАГОГ  
МӘРТЕБЕСІ СӨЗ  
БОЛДЫ

4-бет

## RÝHANIAT

БАБАЛАР МҰРАСЫ  
– ШЕШЕНДІК ӨНЕР

5-бет

## RESMI

АШЫҚТЫҚ СЕНІМ  
ҚАЛЫПТАСТЫРАДЫ

6-бет

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

# ҚОМАҚТЫ БЮДЖЕТ, ҚАРҚЫНДЫ ҚОЛДАУ

Жезқазғандағы оң бастамалар жалағасын табады

Өткен сейсенбі, сәрсенбі күндері Қарағанды облысының әкімі Жеңіс Қасымбек Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ұлытау ауданына жұмыс сапарымен келді. Сапар барысында Жеңіс Махмұдұлы Жезқазғанда ақсақалдармен кездесіп, жылу энергия орталығы, мыс зауыты, шаруашылық-ауыз су тазалау мекемесінің жұмысымен, қаладағы жылу магистралін жаңғыртудың алғашқы кезеңімен Алашахан даңғылының аяқ жағында салынып жатқан мектеп пен көпқабатты тұрғын үй құрылысының барысымен танысты. Сондай-ақ, қалалық әкімдік ғимаратында актив жиынын өткізді. Жиынға қала басшылығы, түрлі мекеме, кәсіпорын жетекшілерімен қатар «Kazakhmys Corper» АҚ басқарма төрағасы Бақтияр Қырықпышев, облыс әкімінің орынбасарлары, ардагерлер мен БАҚ өкілдері де қатысты.

Актив жиынын ашқан облыс басшысы Жезқазғанның облыс қана емес, республика көлемінде ерекше маңызға ие екеніне тоқталып, өңіміні бірден соңғы күндері қалада орын алған судың жағдайына бұрды.

– Жезқазған – тек облыс үшін ғана емес, республикалық деңгейде маңызға ие қала. Қаланың ахуалы мемлекет басшылығының жіті назарында. Соңғы жылдары қалада оң өзгерістер болып жатыр. Әлі де қолдау көрсетеміз. Келер жылы қала бюджетіне тағы 5 млрд теңге қаражат қосылғалы отыр. Дегенмен, қалада күрделенген мәселелер де жоқ емес. Бүгін ақсақалдармен кездескенімде де олардың бірқатары айтылды. Әлеуметтік желіден де бірнеше күн болды қаладағы су мәселесі туралы біліп отырмыз, – деген Жеңіс Махмұдұлы қала әкімі Қайрат Бегімовтің қалыптасқан ахуал бойынша есебін тыңдады.

Қала әкімі Қайрат Баяндыұлы ауыз суға қатысты болған жағдайды су құбырларының тозуымен түсіндірді.

– Қала тұрғындарына ауыз судың жеткілікті мөлшерде берілуі үшін Ұйтас-Айдос су жинағышынан келетін құбырдың қысқа мерзім ішінде екі мәрте жарылуынан болып отыр. Құбырдың едәуір бөлігі тозып тұрғаны белгілі. Қазір апат салдарын жою жұмыстары қызу жүруде. Барлығы 9 техника, 18 адам жұмылдырылған. Жарылған құбыр қалпына келгеннен кейін 15 сағат ішінде қалаға су толық беріледі. Ал жалпы жылу беру маусымына дайынбыз. Үш

жылу трассасы шайылып, сыналды. Қалаға 8 қазанда толық жылу беріледі, – деді қала әкімі.

Облыс әкімі орнынан тұрғызып «Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ директоры Болат Аманбаев та апатты жағдайға құбырлардың тозуы себеп болғанын айтты.

– Қазіргі уақытта монтаж жұмыстары жүруде. 8 метр ескі құбыр ауыстырылды. Бұл темірбетон құбырлар 1985 жылы тартылған, бүгінде өбден тозығы жеткен. Жұмыс күші мен техника жеткілікті. Жұмыс қалыпты жағдайда жүруде. Ертең кешке қалаға толық су беріледі, – деді Болат Аманбаев.

Болат Жомартұлының айтуынша бүгінде Ұйтас-Айдостан келетін құбырдың 44 шақырымы жаңалауды қажет етеді. Осыған дейін кәсіпорын өз күшімен құбырдың 2,6 шақырымын «Қазақмыс» корпорациясы 12 шақырымын ауыстырған көрінеді. Жеңіс Махмұдұлы сумен қамтамасыз етуде жергілікті басшылық пен жауапты кәсіпорын жұмысы лайықты деңгейде ұйымдастырылмағанын атап өтіп, қала басшысы Қайрат Бегімовке өсіс жариялады. Ал «Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ директорының лауазымына сәйкестігін қарастыру жөнінде кәсіпорынды басқарушы компанияға ұсыныс енгізетінін жеткізді.

Ал «Жылумен, сумен жабдықтау кәсіпорны» АҚ директорының лауазымына сәйкестігін қарастыру жөнінде кәсіпорынды басқарушы компанияға ұсыныс енгізетінін жеткізді. ▶▶ 2-бетте



ЖЕЗҚАЗҒАН БИЗНЕС ЖӘНЕ КӨЛІК КОЛЛЕДЖІНЕ – 10 ЖЫЛ

## ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ

Бұл оқу орны – мысты шаһар Жезқазғанның осы санаттағы ең жас білім ордасы. Білімді жастарын биікке жетелеп, білікті маман тәрбиелеуді басты мақсаты еткен облысқа жас та болса, жасампаздықты үлгі етіп, кәсіби техникалық білім берудің озық үлгілерін тәжірибе барысында жүзеге асырып келеді. Алғыр студенттер мен арда ұстаздардың құтты мекеніне айналған оқу ордасының құрылғанына биыл – 10 жыл.

Жезқазған бизнес және көлік колледжі небәрі он жыл ішінде Ұлытау-Жезқазған аймағына ғана емес, республикаға танылған абыройлы білім ошағына айналды. 2009 жылы Қазақ қатынас жолдары университетінің Жезқазған қаласындағы қашықтықтан оқыту және кәсіптік бағдар орталығы ретінде құрылған колледжі бүгін таңда ҚР СТ ISO 9001-2016 «Сапа менеджмент жүйесі» стандартына сәйкес жүйелі жұмыстар атқарады.

Колледжде екі оқу корпусы, студенттер жатақханасы, арнайы жабдықталған оқу аудиториялары, интерактивті заң кітапхана және оқу залы, оқу зертханасы, шеберханалар, тәжірибелік сабақтарға арналған оқу полигоны, интерактивті тақта және арнайы модификациялы оқу құралдарымен жабдықталған кабинеттер, сту-



денттерге арналған кафе және асхана жұмыс жасайды.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаев Жастар жылының салтанатты ашылу жиынында кәсіби білім беру жүйесін дамытудың негізгі басымдықтарына арнайы тоқтала келе: «Сұранысқа ие индустриялық және қызмет көрсету мамандықтары бойынша білікті кадрлар даярлауды іске асыру керек» деп нақты атап айтқан болатын. Елбасы жүктеген міндеттерге сәйкес колледжі қабырғасында теміржол саласы, автомобиль көлігіне техникалық қызмет көрсету, автомобиль, теміржол құрылыстары, тігін өндірісі, автоматтандыру және басқару бейні, мұнай

мен газ өндірудің технологиялық процестерін автоматтандыру және басқару бейні, туризм, жалпы тоғыз мамандық бойынша білім береді. Бүгінгі таңда колледжі 9 мамандық, 19 біліктілік бойынша 942 техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі орта буын мамандары мен жұмысшы мамандар даярлауда. Олардың 556-сы – мемлекеттік тапсырыс негізінде білім алып жатқан студенттер.

Жезқазған бизнес және көлік колледжі – «Мәңгілік ел жастары – индустрияға. Серпін-2050» бағдарламасын жүзеге асырушы жезқазғандық оқу орындарының бірі. ▶▶ 5-бетте

ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

## ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАНАТ ЖАЙДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауында халықты баспанамен қамтамасыз ету жөнінде ауқымды міндеттерді алға қойып отыр. «Бақытты отбасы» бағдарламасы бойынша жеңілдетілген заем алу жайы пысықталды. Сонымен қатар: «Баспана сатып алуға жағдайы жоқ азаматтарға әлеуметтік жалға алу тәртібімен қоныстану үшін мүмкіндік беру қажет. Мемлекет 2022 жылға қарай осы мақсаттарға сәйкес 240 миллиард теңгеден астам қаражат бөледі. Жеке бизнесті осы жұмыстарға тарту үшін жаңа шаралар қабылдап, мемлекеттік-жекеменшік әріптестік тетіктерін жұмылдырған жөн» деп атап көрсетті. Осы орайда, Жезқазғанда Биыл тұрғын үй құрылысы өртүрлі бағытта қанат жая бастағаны қуантады. «Нұрлы жер» мемлекеттік бағдарламасы бойынша жалға берілетін және несиелік тұрғын үйлер салынып жатқаны белгілі. Қаланың Батыс ауданынан жер телімін алғандар жекеменшік жер үй салуға жұмылууда. Енді осылардың қатарын қала кәсіпкерлерінің көп пәтерлі жекеменшік үй салуға бетбұрыс жасауы тынықтырып, тұрғындарды баспанамен қамтуда жаңа мүмкіндіктерге жол ашылууда. Жақында тұрғын үй құрылыстарының бірнешеуіне барып көргенде қарқынды жұмыстың күәсі болдық.



Қазақстан Республикасы Президентінің Жолдауы

Қала ішіндегі 69-орамда үш қабатты 18 пәтерлік тұрғын үй құрылысы несиелік бағдарлама бойынша жүргізілуде. Құрылыстың бас мердігері қалаға белгілі кәсіпкер Абай Байділдаев басқаратын «Самға» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі екен Техникалық қадағалаумен «Стройтехнология» ЖШС айналыса, авторлық қадағалау «Дала-Центр» ЖШС құрамында. Пәтерлердің жалпы көлемі 1194,9 шаршы метр болып белгіленген несиелік тұрғын үйдің 10 пәтері екі бөлмелі, 8 пәтері үш бөлмелі болды. Жобаның жалпы құны 228,5 млн теңге болса, құрылыс-монтаж жұмысына 177,2 млн теңге қаралған. ▶▶ 3-бетте



## ҒАЛИЯ – ЖЕҢІМПАЗ

«Сүйікті қалам – Жезқазған» фотобайқауының қорытындысы шығарылды

Мысты өлкеңің 65 жылдығына орайластырылған «Жезқазған – менің сүйікті қалам» атты фотобайқау өз мәресіне жетті. Қалалық ішкі саясат бөлімінің қолдауымен «Мейірімді жүрек» қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен алғаш рет өткен байқауға кәсіби фотографтармен қатар ерекше сәттерді қалт жібермейтін әуесқойлар да қатысты.

Барлық қатысушылардың басын қосқан марапаттау салтанатының алғы сөзін алған ішкі саясат бөлімінің басшысы Мереке Мырзабекова:

– Конкурса ұсынылған туындыларға қарап отырып, таңдай қақласқа болмады. Күнделікті күйбең тірлікпен қаламыздың осыншама сұлу табиғаты мен, ғажап келбетін аңғара бермейтіндігі ұқтық. Фотографтардың объективіне іліккен пейзаждардан туған жерімізді танымай қалдық, – деп ер фото асқан жауапкершілік, жүректелгі махаббатпен түсірілгенін тілге тиек етті. Және «Жезқазғанға – 65 жыл» логотипінің авторы Зекен Мұхамединге алғыс білдіріп, марапатын ұсынды.

Байқау шарты бойынша үздік сәт пен тамаша кадрды даярдап алған фотосуретшілердің жұмыстары әлеуметтік желіге жүктеліп, неғұрлым көп аудиторияны қамтып, «лайк» жинауы тиіс-ті.

– Қатысушылардың бәрі осы талап үдесінен шыға алды. Суреттер тек оң пікірлерге ие болғанын айта өткен жөн. Еліміздің және әлемнің түпкір-түпкіріндегі жезқазғандықтардың белсенділігі де қуантты. Жылдар өте туған жеріңнің гүлденіп, өркендеп жатқанын тілге тиек еткен олар балалығы мен жастық шағын еске алысып жатты. Жүректерді тебірен-те білген сіздердің барлықтарыңыз жеңімпаз атануға лайықсыздар, – деген «Мейірімді жүрек» қоғамдық бірлестігінің төрайымы Эльвира Алпанбаева белсене қатысқаны үшін Лаура Ермағанбетованы, Александр Черкасов пен Әсел Успаеваны, Әсет Тілеміс пен Лаура Байдосованы марапат-



тады. Қазылар алқасының шешімімен жүлделі II орынды Алан Мұхамбет иеленсе, жүлделі II орын Флюра Сагитова мен Әлібек Қаратаевқа бұйырды. Әлібек Қаратаевтың суреттері «инстаграм» әлеуметтік желісіндегі «My Zhez» парақшасында қызу талқыланған. 14 мыңнан астам оқырманы бар парақшаның иесі ұйымдастырушыларға алғысын білдірді. Қаланың келбетімен қатар, оның тыныс-тіршілігін, тұрғындардың өмірін, балдырғандардың бал күндерін суретпен жеткізе білген газетіміздің фототілшісі Ғалия Әбдіғалпазова жүлделі I орынға ие болды. Марапат соңында ұйымдастырушылар мен қатысушылар арасында диалог орнады. Жастар жағы келешекте бейнероликтер байқауын өткізуді ұсына, Зекен Мұхамедин қылқалам шеберлерін ұмыт қалдырмай, қазіргі таңда сәнге айналған «граффити» өнерін насихаттау қажеттігін айтты. Бота ШАЛҚАР

### Құрметті ұстаздар, педагогика саласының ардагерлері!

Сіздерді шын жүректен кәсіби мереке – Мұғалімдер күнімен құттықтаймыз! Мұғалім – мамандық, ал ұстаз болу – адам бойындағы ерекше қасиет. Сондықтан, ұстаз мәртебесі – халық арасында қашанда биік, оған деген құрмет жоғары. Қазіргі уақытта біздің педагогтер оқытудың жаңа бағдарламаларын, жұмыстың заманауи әдістерін меңгеруде, инновациялық жобаларды жүзеге асырып, түрлі гранттарды жеңіп алуда. Сонымен қатар, олар өз міндетіне адал бола отырып, болашақ ұрпаққа өз білімдерін беріп қана қоймай, оларды ақыл-парасатқа жетелеп, жүрек жылуын сыйлап, адамгершілік нұрын төгуден жалыққан емес. Отандық педагогиканың үздік дәстүрлерін сақтап, жас ұрпаққа жеткізіп, осы саладағы маңызды принцип болып табылатын ұрпақтар сабақтастығын нығайтуға зор үлес қосып жүрген ардагер ұстаздарымызға ерекше алғысымызды білдіреміз. Қазақстан Республикасының Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, ұлттың бәсекеге қабілеттілігін арттыру үшін бүгінде педагог мәртебесін шын мәнінде арттыруға қол жеткізу маңызды. Бұл орайда жобасын қазір уақытта бүкіл ел талқылап жатқан «Педагогтің мәртебесі туралы» заңды қабылдау жөніндегі бастама маңызды қадам болды. Біздің еліміздің ең басты рухани байлығы мұғалім болуы керек деп білеміз. Қымбатты ұстаздар, ардагерлер! Сіздерге мықты денсаулық, кәсіби деңгейдегі ұзақ ғұмыр тілейміз. Қашанда үміттеріңіз ақталып, жасаған жақсылықтарыңыз еселене берсін. Ел үшін атқарып жатқан игі еңбектеріңіз табысты болсын! Мерекелеріңізбен!

Жезқазған қаласының әкімі К.БЕГІМОВ  
Жезқазған қалалық мәслихатының хатшысы С.МЕДЕБАЕВ

### Құрметті білім саласының қызметкерлері! Қадірлі кәсіподақ мүшелері, ардақты ардагерлері!

Жезқазған аумақтық білім және ғылым қызметкерлерінің кәсіподақ ұйымы атынан Сіздерді кәсіби мерекелеріңіз – Мұғалімдер күнімен және 10 қазан – Қазақстан кәсіподақтарының төл мерекесімен құттықтаймыз! Кәсіподақтар күні – бұл белсенді азаматтық ұстанымы бар, ынталы, өз жұмысымен кәсіподақтар тарихын жасайтын, әлеуметтік әріптестікті дамытуға үлес қосатын адамдардың күні! Бүгінгі таңда елімізде кәсіптік одақтардың жаңа жүйесі құрылды, жұмыс беруші мен жұмысшының өзара қатынастарына көзқарас жаңарды. Мемлекет басшысы кәсіподақтар еңбек қатынастарын реттеуде және еңбеккерлер мен жұмыс берушілер арасындағы сындарлы диалог орнатуға рөл атқаратынын атап өткен болатын. Елбасымыздың «Бүгінгі күні кәсіподақтар Үкіметтің, Президенттің ең сенімді әріптесі» деген сөзін ескерсек, әлде де кәсіподақ мүшелеріміздің қатары көбейе бермек деген үміттеміз. Пәрменді кәсіподақ – еңбекшілердің сенімді қорғаушысы! Білім және ғылым қызметкерлерінің әлеуметтік-экономикалық құқықтары мен мүдделерін қорғаудағы еңбектеріңізге толағай табыс, кәсіподақтың мәртебесін асқақтатудағы ілкімді істеріне абырой тілейміз. Ұрпақ тәрбиеліміз жолындағы қиындығы мен шапағаты қатар еңбектеріңіз жемісті болсын!

Төраға М.С.ҚОҢЫРБАЕВ

SARYARQA-AQPAPAT

СЕНАТОРЛАР ЖЕЗҚАЗҒАНДАҒЫ АУЫЗ СУ МӘСЕЛЕСІНЕ АЛАҢДАУЛЫ

ҚР Парламент Сенатының депутаттары Р.Әбдікерем, С. Ершов, С. Айтпаева ҚР Премьер-министрі А.Маминге Жезқазғанды сапалы ауыз сумен қамту үшін Есқұла су өткізгішінің құрылысын аяқтауға қажетті қаржы бөлуге ықпал етуді сұрап депутаттық сауал жолдады.

Сенат депутаттары Үкімет басшысына Жезқазған қаласының облыс орталығынан 550 шақырым қашықтықта орналасқанын, қалада бүгінде 100 мыңға жуық халық тұратынын айта келе, сапалы ауыз су мәселесінің өзекті болып отырғанын алға тартты.

«Сонау Кеңес заманынан кермек судың дәмін татып, азабын арқалап келе жатқан жезқазғандықтардың бұл түйткілін шешудің жолдары көптен қарастырылып келе жатқанмен, түбегейлі нәтижеге қол жеткізудің сөйтіп келмей, сағызша созылғанына бірталай жылдардың жүзі болды. Осы күрделі мәселені шешу мақсатындағы дұрыс та оңтайлы қадам Ауыл шаруашылығы министрлігінің бастамасымен 2010 жылы жүзеге асырылуы басталған, жалпы жобалық-сметалық құны 6 млрд. теңгеге жуық қаражатты құрайтын Есқұла тораптық су өткізгішінің құрылысы болатын. Алайда, құрылыс-монтаж жұмыстары істеп тұрған кенішіт құлау аймағына тап келуіне байланысты, 2012 жылдың желтоқсан айында тоқтатылып, су өткізгіш жобасына қажетті түзетулер енгізілген және осыған байланысты су жолының көлемі ұзарып, сметалық құны қосымша 1 млрд. 100 млн теңгеге ұлғайған. Жобаға иелік етуші Ауыл шаруашылығы министрлігінің Су ресурстары жөніндегі комитет жыры көбейген бұл су өткізгіш құрылысын 2014 жылы қайта жандандырып, 2017 жылы толық аяқтауды жоспарлаған еді. Бірақ, басталған сот рәсімдеріне сәйкес жобаны аяқтау 2018 жылға қалдырылып, белгісіздік белең алған еді» деген сенаторлар осы күнге дейін 5 млрд. 164 млн теңге қаражат игерілгенімен атқарылатын жұмыстың жеткілікті екенін айтады.

«Осыған орай, айтылған мәселенің аса маңыздылығын ескере отырып, Жезқазған қаласының халқы сапалы ауыз сумен қамтамасыз етудің бірден бір кепілі Есқұла су өткізгішінің құрылысын толықтай аяқтауға-қажетті қаржыны қосымша бөлуге пәрменді ықпал етуіңізді сұраймыз» делінген Премьер-министр атына жолданған депутаттық сауалда.

«СЕРПІН» БАҒДАРЛАМАСЫНА ҚАТЫСАТЫН ОБЛЫСТАРДЫҢ САНЫН ҚЫСҚАРТУ ҰСЫНЫЛДЫ

Парламент Мәжілісінің депутаты Кәрібай Мұсырман вице-премьер Бердібек Сапарбаевқа арнаған депутаттық сауалында «Серпін» бағдарламасының тиімділігі сын көтермейтінін айтып, бірқатар ұсынысын жеткізді.

Елбасы тапсырмасымен 2014 жылдан бері іске асырылып келе жатқан «Серпін» әлеуметтік жобасының мақсаты – ішкі көш-қонды реттеу арқылы жұмыс күші тапшы жоғары және кәсіптік-техникалық оқу орындарында студенттер саны аз өңірлер мен артық жұмыс күші бар жоғары және кәсіптік-техникалық оқу орындарында орын жетіспейтін өңірлердің әлеуметтік-экономикалық дамуындағы теңгерімсіздікті болдырмау. Бұл бағдарлама өңірлердің ынтымақтастығын, тұрғындарының өзара қарым-қатынасын күшейтіп, тұтастай алғанда халқымыздың бірлігін нығайтуға оң ықпалын тигізіп келе жатқаны анық, – деді депутат.

Оның сөзіне бағдарламаны іске асыруға өткен жылы республикалық бюджеттен бөлінген 9,5 млрд теңгенің тиімділігі ешқандай сын көтермейді.

«Был «Серпін» әлеуметтік жобасы бойынша университеттер мен кәсіптік-техникалық колледждерді төмамдаған түлектердің өздері білім алған жерлерде жұмысқа орналасуы қанағаттанарлықтай емес. 2018 жылы ЖОО бітірген алғашқы түлектердің 23%-ы ғана оқыған өңірлерінде жұмысқа орналасқан. Сондай-ақ колледждерді төмамдаған түлектердің 24%-ы ғана өздері білім алған өңірлерде жұмысқа қалған. Осы орайда «Серпін» әлеуметтік жобасымен жұмыс күші артық өңірлер тұрғындарының жұмыс күші аз өңірлерге қоныс аудару мақсаты біреу болғанымен, олардың арасында сәйкессіздік барына назар аударғымыз келеді. Атап айтқанда «Серпін» бағдарламасы бойынша Алматы, Жамбыл, Қызылорда, Маңғыстау және Түркістан облыстарының мектеп түлектерінің басқа тоғыз облыста оқыту көзделген болса, қоныс аудару бағдарламасы бойынша аталған облыстардан қоныс аударушыларды қабылдаушы өңірлер болып жұмыс күші тапшы әрі демографиялық жағдайы мәз емес төрт облыс анықталған, – деді Мұсырман депутаттық сауалында.

Ол «Серпін» бағдарламасы бойынша оқып жатқан студенттерді жатақханамен қамту мәселесі де толық шешілмегенін айтты.

Мәжіліс депутаты «Серпін» әлеуметтік жобасын еңбек және нәтижелі жұмыспен қамтушы және жаппай кәсіпкерлікті дамытудың мемлекеттік бағдарламасымен сәйкестендіруді ұсынды.

«Серпін» бағдарламасына қатысатын облыстардың санын қысқартып, тек жұмыс күші артық өңірлердің тұрғындарын қоныс аудару көзделген жұмыс күші тапшы төрт өңірге СҚО, ШҚО, Қостанай, Павлодар облыстарына ғана қалдырған жөн. Қоныс аударушылардың отбасыларындағы мектеп бітіруші түлектердің «Серпін» әлеуметтік жобасына бірінші кезекте қатысу құқығын берген жөн. Бұл осындай балалары бар қоныс аударушылардың барған өңірлерінде тұрақтанып қалуына оң есерін тигізетін қосымша әлеуметтік қолдау болар еді. «Серпін» әлеуметтік жобасы бойынша оқуға қабылдайтын университеттер мен колледждердің студенттік жатақханаларында орын жетіспеушілік проблемасын арнайы қарастырып, оны шешу үшін қажетті шараларды қолдану қажет. Бұл проблеманы оқу орындары мен жергілікті студенттердің мүдделерін ескере отырып оларға теріс есерін тигізбейтіндей етіп шешкен жөн, – деген депутат вице-премьерге ұсыныстарын жолдады.

ҰЛЫТАУДЫҢ ӘКІМІ АУЫСТЫ

Қарағанды облысы Ұлытау ауданының әкімі болып Берік Әбдіғалиұлы тағайындалды. Жаңа әкімді аудан активіне облыс басшысы Жеңіс Қасымбек таныстырды.



Берік Әбдіғалиұлы 1971 жылы Қарағанды облысының Рудник кентінде (қазіргі Жезқазған кенті) туған. Білімі жоғары: 1994 жылы әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық университетін «Тарих және қоғамтану оқытушысы» мамандығы бойынша төмамдаған. Осы тағайындауға дейін ол ҚР Мәдениет және спорт министрінің штаттан тыс кеңесшісі болды, ҚР Ұлттық мұрағатындағы «Архив-2025» ғылыми-әдістемелік орталығын басқарды.

Еске салсақ, Берік Әбдіғалиұлы 2010 жылы Ұлытау ауданының әкімі қызметін атқарған.

ҚАРАҒАНДЫ ОБЛЫСЫ ӘКІМІНІҢ ЖҰМЫС САПАРЫ

ҚОМАҚТЫ БЮДЖЕТ, ҚАРҚЫНДЫ ҚОЛДАУ

Жезқазғандағы оң бастамалар жалаасын табады

(Соңы. Басы 1-бетте)



– Қала әкімі бұл мәселе бойынша жеткілікті деңгейде жұмыс істемеген деп санаймын. Орын алған жағдайға қатысы бар басқа да құрылымдардың жұмысына алдағы уақытта өз бағамды беретін боламын. Ал қазір қала басшысына сөгіс жариялаймын. Жезқазғанда орынбасарым Е.Бөлекбаевты қалдырамын. Ол жағдай қалыпты арнаға түскенше осында болады, – деді Жеңіс Қасымбек.

Бұдан әрі облыс басшысы қаланың әлеуметтік-экономикалық дамуы мен алдағы жоспарларға кеңінен тоқталды.

– Жезқазғанда соңғы жылдары бірнеше тұрғын үй салынууда, көшелер жаман емес, бұл жұмыстар алдағы уақытта да жалғасады. Бүгін кездесуде ақсақалдар да біраз мәселе көтерді. Олардың қатарында ең алдымен ауыз су сапасы, су инфрақұрылымы, тұрғын үй, жолдар мәселесі де айтылды. Жезқазған-Қарағанды, Жезқазған-Қызылорда тас жолы, Алматы бағытындағы әуе рейсіне қатысты мәселелер де көтерілді. Мұның барлығы біздің бақылауымызда болады. Біріншіден айтарым, Қызылорда бағытындағы жолды жөндеу үшін жобалық құжаттар қазір дайындалуда, келесі жылдың жазында жобалық құжаттар

жылы ашылады. Осы салаға жауапты министрлікпен келіссөзді жақын уақытта бастаймыз, – деген Жеңіс Махмұдұлы қалада жыл басынан бергі атқарылған жұмыстар туралы баяндама жасау үшін сөз кезегін қала әкімі Қайрат Бегімовке берді. Қала басшысы жыл басынан бергі экономикалық-әлеуметтік даму көрсеткіштерінің оң динамикасына қол жеткізілгенін атап өтті.

– Өнеркәсіп өндірісінің көлемі 2018 жылдың тиісті кезеңімен салыстырғанда 1,5 есе артып, 394 млрд. теңгені құрады. Ауыл шаруашылығында жалпы өнім 2,3 пайызға өсіп, 3,7 млрд. теңгені құрады. Құрылыс жұмыстарының көлемі 11,3 пайызға артады деп күтілуде. Биыл 12 мың 507 шаршы метр тұрғын үйдің пайдалануға берілуін қамтамасыз ету жоспарланған, бұл өткен жылмен салыстырғанда 7 пайызға көп. Негізгі капиталға инвестициялар 14 млрд. 653 млн. теңге сомасында болжамдануда, бұл 2018 жылмен салыстырғанда 7,6 пайызға көп. Қала экономикасының дамуында шағын және орта бизнес ерекше орынға ие. Мұнда қазір 13 мыңнан астам адам, яғни қаланың экономикалық белсенді халқының үштен бірі еңбек етуде. ШОБ-тың қала э-

қаржыландырылды. Жаңадан 107 жұмыс орны ашылды, – деген қала басшысы биыл маусым айында Жезқазған-Ұлытау өңірін дамытудың кешенді жоспары нақтыланғанын да тілге тиек етті.

– 13 маусымда жалпы қаржыландыру көлемі 79 млрд. 700 млн. теңгені құрайтын Жезқазған өңірін дамытудың Кешенді жоспары өзектендірілді. Жезқазған қаласы бойынша 52 млрд. теңгеге 9 бөлім бойынша 32 іс-шара қарастырылған. Осы жоспар аясында бірқатар жобалар жүзеге асырылуда, олардың орындалу барысына қысқаша тоқталғым келеді. Қала тұрғындарын сапалы ауыз сумен қамтамасыз ету мақсатын-

та жылу энергия орталығын газға көшіру, зауытта күкірт қышқылы цехын іске қосу, демографиялық ахуалды жақсарту сынды мәселелерді көтерді.

– Соңғы бірнеше жылда Жезқазғанда оң өзгерістер байқалуда. Бюджет көлемі ұлғайды. Үйлер салынууда. Облыстық басқармалар да қаламызға оң көзбен қарап отыр. Кей мәселелер бойынша өлі де нақты қолдау күтеміз. Көптен бері шешімі табылмай келе жатқан ауыз су мәселесіне қатысты бүгін өзіндік көзқарасыңызды білдік. Бұл мәселе де жақын аралықта шешіледі деген сенім пайда болды. Ісіңізге жеміс тілеймін, – деді өз сөзінде Сағындық



да қаланың су құбыры желілерін және шаруашылық-ауыз су тазарту құрылыстарының 3 кезегін қайта құру жалғасуда, – деді Қайрат Баяндыұлы.

Қала әкімінің баяндамасында сондай-ақ, жылу, көріз жүйелерін жаңғырту, тұрғын үй құрылысына қатысты қолға алынған жобалар да көрініс тапты. Қайрат Баяндыұлы сонымен бірге, облыс, Үкімет деңгейіндегі қолдауды қажет ететін ірі жобаларға да тоқталды. Олардың қатарында Жезқазғандағы ауыз су тазалау қондырғысын жаңғыртудың 2-кезеңі, Сарыарқа көшесі мен Теміржол вокзалын жалғайтын №4 көпірді қайта құрылымдау, қала ішіндегі жалпы ұзындығы 12 шақырымды құрайтын 8 көшені орташа жөндеуден өткізу, Теректі стансасында жаңа мектеп салу, қаладағы білім беру ұйымдарын күрделі жөндеуден өткізу, «2020-2021 жылдары Талап ауылдық округіндегі суармалы жерлердің гидромелиоративті жүйелерін жаңғырту және қайта құрылымдау жобасы», Жезқазған-Бейнеу теміржолының құрылысы кезінде жоспарланып, бүгінде құрылысы аяқталмай қалған Қызылорда бағытына шығын айналма жолдың жағдайы сынды мәселелер бар.

Қала әкімінің баяндамасын тыңдаған облыс басшысы бұл мәселелердің барлығы назарға алынатынын Үкімет деңгейінде шешу жолдары қарастырылатынын жеткізді.

Жиында сонымен бірге, қала жұртшылығы атынан қоғамдық кеңес төрағасы Сағындық Қожамсейітов пен қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Айып Байқасымов сөз алып, облыс басшысының жұмысына табыс тіледі.

Сағындық Үсенұлы аймақтағы «Қазақмысқа» қарасты өндіріс нысандарының қуатын арттыру, экологиялық талаптардың сақталуы жағын қозғап, алдағы уақыт-

Үсенұлы.

– Қарағанды еліміздегі ең үлкен облыс. Қызметке тағайындалғалы көріп, біліп отырмыз, өңірлерді аралап, нақты ахуалмен танысып жатырсыз. Қандай жұмыс болсын, сенім болса, көшілікпен шешіледі. Бүгін ардагерлермен кездесіп, ойларын тыңдадыңыз. Ол қадамыңызды құптаймыз. Бүгін қала бюджетінің ұлғаятынын естіп тағы куанып отырмыз. Бюджет жеткілікті болса, елімізге жарайтын ірі жобалар да сөйтіп жүзеге асады. Осы бастамаларыңыз үшін алғыс білдіріп, қызметіңізге табыс тілейміз, – деді ардагерлер атынан сөз алған Айып Асылханұлы.

Актив жиынында сондай-ақ, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Бекзат Алтынбеков те сөз алып, облыс әкімінің жұмысына табыс тіледі.

– Жезқазған аймағына деген облыс басшылығының көзқарасы жаман емес. Осыған дейін көз көлген ұсыныстарымыз облыстық деңгейде қолдау тауып келді. Сол түсінікті алда да жалғасын табады деп сенеміз. Облыстық мәслихат депутаты кешегі сессияда өзінше толық сенім білдірді. Сол сенімнен шығып, елге қызмет ете беріңіз, – деді облыстық мәслихат депутаты Бекзат Алтынбеков.

Жиынды қорытындылаған облыс басшысы Жеңіс Қасымбек ардагерлер тарапынан, депутаттар атынан, сондай-ақ, баспасөз бен әлеуметтік желіде айтылып жатқан барлық ұсыныс-пікірлер ескерілетінін, аймақты дамытуға бар күш-жігерін салатынын баса айтты.

Облыс әкімінің аймағымызға жұмыс сапары сәрсенбі күні Ұлытау ауданында жалғасты.

Дархан МҰХАН  
Суреттерді түсірген  
Ғалия ӘБДИҒАППАРОВА



аяқталып, жөндеу жұмыстары күзде басталады. Үкіметпен осындай келісім бар. Ал Қарағанды-Жезқазған жолы осыған дейін орташа жөндеуден өткен. Енді бұл жолды күрделі жөндеуден өткіземіз. Ол 2021 жылы басталады. Ал Алматыға әуе рейсі алдағы

номмақасындағы үлесі – 7 пайызға тең, ал бюджеттік түсімдердің 39 пайыздан астамы осы саладан түседі. Кәсіпкерлікті дамытуда «Бизнестің жол картасы – 2020» бағдарламасы үлкен рөлге ие. Бағдарлама аясында жалпы құны 1 млрд. теңге болатын 28 жоба

ТЕАТР ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ФЕСТИВАЛЬ ЖАЛАУЫН КӨТЕРМЕК

С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театрында Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген қайраткері, «Тарлан» сыйлығының лауреаты Жанат Хаджиев атындағы III халықаралық театрлар фестивалінің өтуіне байланысты баспасөз конференциясы өтті.

Халық арасында «Жезқазған – театр Меккесі» аталып кеткен мысты шаһарға биыл Ф.Мүсірепов атындағы Қазақ Мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театры, Семейдің Абай атындағы Мемлекеттік қазақ музыкалық-драма театры, Х.Бөкеева атындағы Батыс Қазақстан облыстық қазақ драма театры, Шығыс Қазақстан облыстық драма театры сондай-ақ, Қырғызстан Республикасының А.Умиралиев атындағы Бішкек драма театры, Өзбекстан Республикасының «Турон» Мемлекеттік театр студиясы, Тәжікстан Республикасының М.Вохидов атындағы Тәжікстан Мемлекеттік жастар театры келіп, өз өнерлерін ортаға салатын болады.

– Бұл фестивалдің тек республика көлемінде ғана емес, алыс-жақынды шетелдерге Ұлытау-Жезқазған аймағын таныстыруда маңызы өте зор. Облыстың бұрынғы басшысы Ерлан Қошановтың бастамасымен биыл халықаралық дәрежеде ұйымдастырылып жатқан театрлар фестивалі келтіңіз назарын мысты шаһарға аударып отыр. 15-19 қазан аралығында өтетін театрлар фестивалінде С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ

музыкалық-драма театры Ш.Айтматовтың «Шыңғысханның ақ бұлт» драмасын дайындап жатыр. Театр әртістері де қызу дайындық үстінде. Бес күнге созылған фестивальде Б.Мұқаевтың «Сергелден болған серілер», Г.Гориннің «Ұмытыңдар оны», Иран Ғайыптың «Адасқан бақ құсы», Х.Мюллердің «Филлокет-Медяе», А.Фирдоусидің «Знамя Ковы», Ш.Айтматовтың «Есімде», «Шынарм менің, шырайым менің» спектакльдері сахналанады. Кез келген өнерсүйер қауым спектакльдерді тегін тамашалай алады. Және де тұрғындар арасында техникалық тұрғыдан қонақтарға көмек көрсетуге ниетті жандар табылса нұр үстіне нұр болар еді, – деді өз сөзінде Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Досжан Жанботаев.

Фестивальге Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, Нұр-Сұлтан Жастар театрының көркемдік жетекшісі әрі бас режиссері Нұрқанат Жақыпбай, театртанушы, сынып, өнертану ғылымдарының кандидаты, Т.Жүргенов атындағы өнер академиясының «Өнертану» факультетінің деканы Меруерт Жақсылықова, өнертану ғылымдарының



кандидаты, М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының «Театртану және кино» бөлімінің меңгерушісі Аманкелді Мұқан, Қазақстан Суретшілер одағының мүшесі, М.Әуезов атындағы академиялық драма театрының суретшісі Мұрат Сапаров қазылық етеді. Сондай-ақ, фестивальге құрметті қонақ ретінде Жанат Хаджиевтің

жары, Қазақстан Республикасының Еңбек сіңірген әртісі Рашида Хаджиева, туысы Сәтжан Көкімов, жиені Ерсұңқар Түлікев пен еліміздегі театр басшылары мен мәдениет саласының қызметкерлері шақырылды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

ҚР ҰЛТТЫҚ БАНКІ ХАБАРЛАЙДЫ

АЗАМАТТАРДЫҢ БОРЫШ ЖҮКТЕМЕСІН АЗАЙТУ БОЙЫНША ПРЕЗИДЕНТ ЖАРЛЫҒЫН ІСКЕ АСЫРУ БАРЫСЫ ТУРАЛЫ

Барлық қарыз алушыларға айыппұлдар мен өсімдерді есептен шығару бойынша

«Қазақстан Республикасы азаматтарының борыш жүктемесін азайту шаралары туралы» Қазақстан Республикасының Президентінің 2019 жылғы 26 маусымдағы № 34 Жарлығын іске асыру шеңберінде Ұлттық Банк, «Мемлекеттік кредиттік бюро» АҚ, «Проблемалық кредиттер қоры» АҚ екінің деңгейлі банктермен және микроқаржы ұйымдарымен (МҚҰ) бірлесіп 2019 жылғы 1 шілдеге есептелген барлық қазақстандықтарға банктердегі және микроқаржы ұйымдарындағы кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша айыппұлдар мен өсімдерді есептен шығару (кешіру) бойынша жұмыс жүргізді.

Ағымдағы жылдың 30 шілдесінде банктер мен МҚҰ жалпы сомасы 33 620 млн теңгеге мөлшерінде 1 192 834 қарыз алушыға кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша айыппұлдар мен өсімдерді есептен шығару (кешіру) бойынша жұмысты аяқтады.

Айыппұлдар мен өсімдерді кешіру бірінші кезекте банктердің және МҚҰ өз қаражаты есебінен жүзеге асырылды.

Ағымдағы жылдың 15 тамызында Проблемалық

кредиттер қоры 10 086 млн теңге мөлшеріндегі айыппұлдар мен өсімдерді есептен шығаруға берешек сомасының 30% - ын банктерге және МҚҰ-ға өтеуді жүзеге асырды.

300 000 теңгеге дейін берешекті өтеу бойынша

Банктерде және МҚҰ-да кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша 300 мың теңгеге дейінгі мөлшерде берешекті (негізгі борыш пен сыйық) өтеу бойынша жұмыс азаматтардың мынадай санаттарын қамтиды: 1) көпбалалы отбасылар; 2) асыраушысынан айрылу жағдайына байланысты төлем алатын отбасылар; 3) мүгедек балалары бар, 18 жастан асқан бала жасынан мүгедек балалары бар отбасылар; 4) атаулы мемлекеттік әлеуметтік көмек алатындар; 5) жетім балалар; 6) ата-анасынан көмелеттік жасқа дейін айрылған, жиырма тоғыз жасқа толмаған, ата-ананың қамқорлығынсыз қалған балалар.

Мемлекеттік қолдау алу үшін қарыз алушының кепілсіз тұтынушылық қарыздары бойынша берешек сомасы 2019 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша 3 млн теңгеден аспауы тиіс.

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі ұсынған тізімдердің негізінде банктер мен микроқаржы ұйымдары кепілсіз тұтынушылық қарыздар бойынша 300 мың теңгеге дейінгі мөлшерде берешекті (негізгі қарыз және сыйық) өтеу бойынша жұмыс жүргізді, атап айтқанда, 507 363 азамат негізгі қарыз және сыйық бойынша 105 174,8 млн теңгеге берешек өтеді. Оның ішінде 263 527 азаматқа 32 024 млн теңгеге сомасында банктер мен микроқаржы ұйымдары алдындағы берешек толығымен өтелді.

Қарағанды облысы бойынша қарыз алушылардың негізгі борыш пен сыйық бойынша 4 660 млн теңгеге сомасына берешек өтелді, қарыз 24 569 қарыз алушыға есептен шығарылды деп болжануда.


Ақпарат түпкілікті болып табылмайды және Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігінен Жарлықтың қолданылуына жататын азаматтардың жекелеген санаттарының тізімін ұсынуына, олардың қарыздарын ЕДБ және МҚҰ базаларымен салыстырып тексеруге қарай толықтырылатын болады.

«Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі» РММ Қарағанды филиалының баспасөз қызметі

■ ПРЕЗИДЕНТ ЖОЛДАУЫ: сенімге – серпін!

# ӨРКЕНДЕУ ӨЗЕГІ

Қала басшысының орынбасары Нұржан Орынбаев пен мемлекеттік мекеме басшыларынан құралған ақпараттық-насихаттау тобы 630 жезқазғандықты жұмыспен қамтып отырған құю-механикалық зауытына атбасын бұрды. Ұжым ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауын жылы қабылдады.



Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń joldaýy

Әдеттегідей кездесудің алғы сөзін алған Нұржан Серікұлы еліміздің дамуы мен нығайтын қамтамасыз ететін стратегиялық маңызы бар құжатта қауалған басым бағыттарды саралап, жүктелген міндеттерді іске асыру жолдарына тоқталды.

– Қасым-Жомарт Кемелұлы өз сөзінде: «Халқымызды толғандыратын барлық мәселе бізге белгілі. Ахуалды жақсарту үшін іс-қимыл жоспары әзірленіп жатыр», – деген болатын. Шынымен Президент көптің көкейінде жүрген түйткілді мәселелерді көтерді. Оның алғашқысы халық үніне құлақ асатын мемлекет тұжырымдамасына қатысты. Бүлік пен халық арасында байланыс орнанады ғана өркендеу жолында жүйелі жұмыстар атқарыларын алға тартқан Мемлекет көшбасшысы отандық бизнесті қолдау, халықты әлеуметтік қорғау және экономиканы дамыту мәселелеріне тоқталды. Атап айтқанда, микро және шағын бизнес саласындағы компаниялар үшін жылға дейін табыс салығынан босатылып, оларды қолдау мақсатында 250 млрд көлемінде қаржы қарастырылуда. Сонымен қатар, жұмыс істейтін азаматтарға енді баспана алу немесе оқу үшін зейнетақы қорларының бір бөлігін пайдалану мүмкіндігі берілмек. Турмысы нашар көпбалалы отбасылардың тұрғын-үй мәселесін шешуге қатысты да бірқатар тапсырмалар берілді. Бүгінгі таңда Жезқазғанда да тұрғын



үй құрылысы қарқын ала бастағанын айта өткен жөн. Олардың қатарында жалдамалы пәтерлерімен қатар «Тұрғын-үй жинақ банкі» арқылы төменгі мөлшерлемелі пайызбен берілетін несиелік үйлер бар. Тұрғын үйге кезекке тұрған үш-төрт көп балалы отбасы кезекке күтпей-ақ, мемлекеттік «Бақытты отбасы», «Нұрлы жол» бағдарламалары шеңберінде баспаналы болғанын да айтпай кетпеске болмас, – деген Нұржан Орынбаев тұрғындарды таза ауыз сумен, газбен қамтамасыз ету мақсатында атқарылып жатқан жұмыстардың барысымен таныстырды.

– Жолдауда тұрғындарды таза ауыз сумен және су жеткізумен қамтамасыз ету мақсатында 250 млрд теңге бөлініпті айтылды. Жезқазған қаласында ауыз су құбырларының өскіруі 70 пайызды құраған. Екі жылдан бері құбырларды жанару жұмыстары жүріп жатқанын білессіздер. Жоба 2021 жылы толық аяқталады деп жоспарлануда. Қызылордадан Нұр-Сұлтанға дейін тартылып жатқан «Сарыарқа» газ құбырының шарапаты бізге де тиді. Биылдың өзінде Талап ауылының

тұрғындары көгілдір отынның игілігін көреді, – деп атап өтті.

Президент өз Жолдауында азаматтардың құқықтарын қорғау, оның ішінде әйелдер мен балаларға қатысты зорлық-зомбылықтың барлық түріне тосқауыл қоюға, сондай-ақ, есірткі тарату мен адам саудасына, педофилия мен ауыр қылмыстарға қолданылатын жазаны қатаңдатуды қадап тапсырғаны бар. Және азаматтардың тыныштығын бұзбайтын заң шеңберіндегі бейбіт акцияларға рұқсат берілетіні де айтылды.

Халықтың әл-ауқатын арттырудың шарттарын ұсынған Жолдаудың міндеттерін бірге жүзеге асыруға шақырған қала әкімінің орынбасары еңбеккерлердің өтініш-тіпектеріне құлақ асты. Жастар көшесіндегі жауу жүргіштері жолын абаттандыру, аулалардағы ойын алаңқайларын жөндеу мәселелерін көтерген зауыт қызметкерлері атынан директордың орынбасары Гани Пирекенов ақпараттық-түсіндіру тобына алғысын білдірді.

Диана ОРАЗАЛИНА

# МЕДИЦИНА ӘЛЕУЕТІ АРТАДЫ




– Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауында ана мен бала өліміне қатысты көрсеткіштердің өңірлік теңгерімсіздігіне тоқтала келе, аймақтарда ауру көрсеткіштерінің жиілік топтамасын жасап, соған орай нақты қаржы бөлу керектігін айтты. Және де тұрғындар үшін қуанышты жайттың бірі – 2020 жылғы 1 қаңтардан бастап Қазақстанда міндетті әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің іске қосылуы. Бұл туралы ел Президенті: «Мемлекет тегін медициналық көмектің көпіндейін беріп, көлемін сақтайды. Оны қаржыландыруға алдағы үш жыл ішінде 2,8 трлннан астам теңге бөлінеді. Міндетті әлеуметтік медициналық сақтандырудың жүзеге асырылуы медициналық қызмет көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін

жақсартуға бағытталған. Үш жылдық бюджет аясында денсаулық сақтау жүйесін дамытуға қосымша 2,3 трлннан астам теңге бөлінеді. Үкімет әлеуметтік медициналық сақтандыру жүйесінің беделіне тағы да нұсқан келтірмеу үшін оны жүзеге асыру мәселесіне зор жауапкершілікпен қарауы қажет. Біздің қателесуге құқымыз жоқ, – деп атап өтті. Бұл денсаулық сақтау саласы қызметкерлеріне де мол міндеттер жүктейді, – деді Нұржан Орынбаев өз сөзінде.

Жыын барысында орталық қызметкерлері Нұржан Орынбаевқа Байқоңыров – Алаша хан көшесі қиылысы бойындағы жөндеу жұмыстары көлік жүргізушілеріне үлкен қолайсыздық тудырып жатқандығын жеткізді. Бұл мәселеге байланысты ол Жезқазған қаласы жылу құбырларының жол магистральдарының астында екендігін және жөндеу жұмыста-

Қала әкімінің орынбасары Нұржан Орынбаев Жезқазған медициналық орталығында болып, Президент Жолдауына қатысты кезекті талқылау жиынын өткізді. Жиынға Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат Ранова, Жезқазған медициналық орталығының директоры Владимир Моторыкин және орталық қызметкерлері қатысып, жаңа Жолдау мен оның жүзеге асу барысын сөз етті.



Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń joldaýy

рының көлесі аптаға дейін толық аяқталатынын хабарлады. Сондай-ақ, ақ халаттыларды № 12 бағыттағы автобустың медициналық орталыққа дейін бармайтыны алаңдатты. Бұл сұраққа:

– № 1, № 2, № 4, № 7, № 12 бағыттағы автобустар «Қазақмыс» корпорациясының меншігінде және қызметтік автобустар саналады. Сол себепті біз тасымалдаушы автобус бағыттарына нақты шара қолдана алмаймыз. Бірақ, бұл мәселе бойынша корпорация басшылығына хат жолдап, ұсыныс білдірдік, – деді қала әкімінің орынбасары.

Сонымен қатар, орталық қызметкерлері №11 бағыттағы автобустың жұмысына да шағым білдірді. Орталық басшысы медициналық орталық жанындағы қоқыс қарьеріне және жас мамандарды үймен қамтамасыз етуге байланысты ұсыныстарын жеткізді. Нұржан Орынбаев көтерілген мәселелерге қатысты алдағы уақытта нақты шаралар қабылдандығына сендірді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

# ТҰРҒЫН ҮЙ ҚҰРЫЛЫСЫ ҚАНАТ ЖАЙДЫ

(Соңы. Басы 1-бетте)



Qazaqstan Respublikasy Prezidentiniń joldaýy

Қазір үйдің бірінші қабаты бой көтеріп, төбе плиталары жабылып болыпты. Учаске басшысы Қанат Алыпқашевтың орнында қалған мастер Айдын Исабаев құрылыс жұмыстарының кестеге сай атқарылып келе жатқанын алға тартты. Олай болса, құрылыс жұмыстарын толық аяқтап, тұрғын үйді пайдалануға беру мерзімі – үстіміздегі жылдың желтоқсан айы. Қабырға сырты әдемі қызыл кірпішпен, ішкі аралықтар жай қызғылтым кірпішпен қалануда. Кірпіштен басқа бетон блоктар мен төбе жабатын плита сияқты құрылыс материалдары жергілікті өндірушілердің өнімдері. Құрылыста қазір 20 адам еңбек етуде. Құрылыс шеберінің айтуынша, жергілікті құрылысшылар жетіспейтін көрінеді.

– Осы тығырықтан шығу үшін астана құрылыстарына қатысып, маманданған жігіттерді Жамбыл облысынан шақырып алдыруға мәжбүр болдық. Олар келгені жұмысымыз қарқын ала бастады, – дейді.

Қаланың 4-қшам ауданында да баспанаға қатысты бір жақсы жоба жүзеге асырылуда. Тарихи-археологиялық музейдің артындағы 9 қабатты үйдің алдынан бой көтерген бұл бес қабатты 50 пәтерлік тұрғын үй мекені ті нысанға жатады. Құрылыс-монтаж жұмыстары аяқталған соң тапсырыс берген меншік иесі пәтерлерді үй жағдайын жақсартқысы келген жандарға сатады. Үй жаңа жоба бойынша салынууда. Бір бөлмелі пәтерлерінің аумағы 42,9 шаршы метр болса, екі бөлмелілері 62,2, үш бөлмелісі 83 шаршы метрді құрайды. Құрылысты жүргізіп жатқан «Сарыарқа» ЖШС мамандары үстіміздегі жылдың қазан айында аяқталуы жоспарланған бұл үйді желтоқсан айында тапсыруға күш салуда. Осындай үйлер тағы да салынып жатыр. Жекеменшік бағыттағы көп пәтерлі үй салуды қолға алған «BAGAMAR» ОТО аталатын кәсіпкерлік



фирмасы Дев 7 А мекенжайында бес қабатты 30 пәтерлік тұрғын үйдің құрылысымен айналысуда. Бас мердігері «Казкомбетон» ЖШС болып табылатын бұл үйді келен үш бөлмелік пәтерлер болады. Аумағы 98-100 шаршы метр үш бөлмелілердің аса үйінің өзі 13,5 шаршы метр, екі балқонды қолайлы екені байқалады. Құрылыс учаскесінің бастығы Жұмабек Амреветің айтуынша, қазіргі өзінде жекеменшік үйден пәтер сатып алуға 7-8 адам тілек білдіріпті. Болашақ үй иелерінің қалауымен пәтерлердің кейбір ішкі жобалауына өзгерістер енгізу мүмкіндігі де бар екен. Негізінде, жекеменшік тұрғын үй құрылысын жүргізушілер терезелерін орнатып, сыртқы есікті салып, жылу жүйелерін тартып берумен ғана шектелді. Былайша айтқанда қара жұмысын бітірген соң тапсырады. Ал ішкі өрлеу жұмыстары мен есіктерін, сантехникаларын алып жасау сияқтыларын үй иелері өздері атқарады. Қала әкімдігі ғимаратының артында осын-

дай жекеменшік бес қабатты 30 пәтерлік үйдің құрылысы аяқталып, пәтерлері сатылуға қойылған болатын. Тұрғындар жаңа жобадан үйдің баспаналарын аса қызығушылығын сатып алған көрінеді.

Міне, қалада тұрғын үй құрылысының осылай қанат жаюының арқасында халықтың баспаналы болуына жан-жақты мүмкіндіктер жасалып отыр. Алдағы уақытта да «Нұрлы жер» бағдарламасы бойынша үй салу жалғаса түспекші. Қазірде Алашахан көшесі 34 Ж мекенжайы бойынша тағы бір көп қабатты жалдамалы тұрғын үйдің құрылысына жобалық сметалық құжаттары жасалып, қаржы бөлуге қатысты жұмыстары жүргізілуде.

Амандық РАХҰЛЫ  
Суреттерде: 30 пәтерлік жекеменшік үй пайдалануға берілді; 18 пәтерлі несиелік тұрғын үй құрылысы. Суреттерді түсірген автор.

■ ҚОҒАМДЫҚ КЕҢЕС

«Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы ғимаратында Жезқазған қаласы қоғамдық кеңес төрағасы Сағындық Қожамсейітов пен «Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы төрағасының бірінші орынбасары Гүлмира Қаженованың жетекшілігімен мүмкіндігі шектеулі жандарды қабылдау жиыны өтті. Жиынға Жезқазған қалалық білім бөлімінің басшысы Жеңіс Әлмағанбетов, Қарағанды облысы денсаулық сақтау басқармасының Жезқазған аймақтық өкілдігінің басшысы Ләззат Ранова, Жезқазған қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімі басшысының м.а. Ләйле Әлкебаева және қоғамдық кеңес мүшесі Жұмақұл Қалмағамбетова мен мемлекеттік қызметкерлер қатысты.

# ҚАМКӨҢІЛ ЖАНДАР ҚАРАУСЫЗ ҚАЛМАЙДЫ



2019 жылдың қаңтарында жүргізілген есепке сәйкес Жезқазған қаласында мүмкіндігі шектеулі жандар саны 4312 адамды құрайды. Олардың ішінде I топта – 319, II топта – 267, III топта – 1599 мүмкіндігі шектеулі жан бар. Ал 16 жасқа дейінгі мүгедек балалар саны – 327-ге жетіп отыр. Жыл сайын Қарағанды облыстық жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасынан мүмкіндігі шектеулі жандарға түрлі көмектер көрсетіледі. Басқармаға 2018 жылы Жезқазған қаласынан протезді-ортопедиялық көмек алуға 126 өтініш келіп түскен. Оның 35-і он сегіз жасқа дейінгі балалар тарапынан болған. Нәтижесінде мемлекет тарапынан 101 мүмкіндігі шектеулі жан протезді-ортопедиялық көмекке қол жеткізді. Оның 25-і – балалар. Биылғы жылы 71 өтініш түсіп отыр. Ал тифлотехникалық өнімдер бойынша 2018 жылы 46, 2019 жылы 20 өтініш қабылданған. 2018 жылы дыбыстық хабарлама мен диктофондық құрылғылармен жабдықталған ұялы телефонмен – 22, пльермен – 23, көзі нашар көретін адамдарға арналған сөйлегіш сағаттармен – 21, тифлотростармен – 14 мүмкіндігі шектеулі жан қамтамасыз етілді. 2019 жылы 1 адамға телефон, 2 адамға тифлотросты, 2 адамға пльер табысталды. Және де 2018 жылы 3 мүмкіндігі шектеулі жан веб камералы ноутбуктарға ие болды. Сондай-ақ, мемлекеттік тапсырыс негізінде жергілікті бюджет тарапынан 304 тұрғын гигиеналық құрылғылар көмегіне қол жеткізіп отыр. Бүгінде мүмкіндігі шектеулі жандарға арнайы ұйымдастырылған «Инватакси» көмегіне 150 адам жүгінеді.

№ 13 «Ер Тестік» балабақшалары мен №№ 3,10,13,21, 24 мектептерде инклюзивті сыныптар жұмыс жасайды. Осыған орай, бұл білім ошақтары сенсорлық бөлмелермен, монтеessori элементтерімен функционалды парталармен, арнайы оқу-әдістемелік кітаптармен жабдықталды. Сондай-ақ, логопед, дефектолог, психолог мамандардың кабинеттері де арнайы оқу құралдары сыйға тартылды. Жезқазған қаласында 2017 жылдан бастап сыйымдылығы 40 балаға арналған психолого-педагогикалық түзеу кабинеті жұмыс жасайды. Бұл жерде ата-аналар балаларына бейімдеу және орталу қызметтерін ала алады. Сонымен қатар, қаланың үш жылдық даму бағдарламасына сәйкес 2018-2019 жылдары балабақшалар мен мектептердің барлығының кіреберістеріндегі пандустар стандартқа сәйкес қайта орнатылып, жаңартылды.

Жыныға 50-ге жуық мүмкіндігі шектеулі қала азаматтары мен азаматшалары қатысты. Оларды алаңдатқан мәселелердің бірі – мүмкіндігі шектеулі жандарға арналған пойыз вагондары мен билет алу жайы болды. «Бір ай бұрын пойыз билеттеріне тапсырыс берсек те бізге арнайы вагоннан билет табылмайды», – деп шағымданды олар. Бұл мәселеге байланысты Сағындық Қожамсейітов Жезқазған темір жолы басшылығымен сөйлесіп, мән-жайды анықтауға үнде берді.

«Менің балам – отызда. Оған психологиялық ауытқушылығына байланысты жалпылама наркозды қабылдауға болмайды. Ал, оны тіс ауруы жиі мазалайды. Жергілікті тіс емханаларының барлығы дерлік жалпылама наркозды пайдаланады. Арнайы наркозбен емдеу мүмкіншілігі тек Нұр-Сұлтан қаласында ғана қолжетімді. Баламның мінезіндегі ауытқушылығына байланысты онымен сапарға шығу – өзі үшін де, айналасындағылар үшін де өте қауіпті. Сол себепті не істерімізді білмей отырмыз», – деген ана мәселені шешуде көмек сұрады. Бұл ретте Ләззат Ранова арнайы наркос салатын орталықпен әріптестік байланыс орнатуға тырысатындықтарын жеткізді. Сонымен қатар, жыныға қатысушылар отбасылық дәрігерлік амбулаториялар жұмысына және мемлекет тарапынан мүмкіндігі шектеулі жандарға көрсетілетін көмек, олардың жұмыспен қамтылуы, баспана мәселесі бойынша сауалдар қойып, мамандар тарапынан тұщымды жауаптар алды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

■ БІРГЕ ІСКЕ АСЫРАМЫЗ!

# ЖОЛДАР ЖӨНДЕЛІП ЖАТЫР

Биыл қала жолдарын жөндеуге қомақты қаржы қарастырылды. Жалпы көлемі 21 шақырымды құрайтын 14 көше мен 10 аула жолының жөндеуіне бөлінген 1 млрд 071,2 млн теңгенің 200 млн теңгесі облыстық қазынадан. Ал, 871,244 миллионы қалалық бюджет есебінен. Облыстан бөлінген трансферттер қаланың 7 шақырымдық айналма жолын орташа жөндеуден өткізуге жұмсалды.



Қалаішілік автомобиль жолдарын жөндеу жоспарын құру кезінде тұрғындардың тілегі назарға алынғанын айта өткен жөн. Бұған дейін Рыбачий, Комбинатский елді-мекеніндегі жолдардың сапасына қатысты сын көп айтылған-ды. Бүгінгі таңда Исаев, Кетбұға би, Ер Шоштан, Тілеулі батыр, Шашубай, Балочна, Жанайдар батыр, Төлеубаев көшесіндегі жолдар толық жөндеді. Мердігер компания «АлмасҚұрылыс» ЖШС қалаішілік Панфилов, Пушкин көшесіндегі жолды жөндеуден толық өткізіп, қазанның ортасына дейін Б.Моңышұлы көшесін аяқтайды деп күтілуде.

Аулаішілік жолдардың жөндеуіне де ерекше көңіл бөлініп отыр. Биыл 3,6 шағын аудандары мен 63-орамның аулаларына басымдық берілді. 169,658 млн теңгеге келісімшарт жасасқан мердігер «Рокада-А» ЖШС 63-орам мен Есенберлин көшесіндегі 11,15,17,19,21,23 үй аулаларын толық асфальттады. Бүгінде 6-шағын аудандағы жөндеу жұмыстары жалғасуда. Шағын аудандағы

ескі 4000 м иектастың 2200 м жаңартылып, 4500 шаршы метр асфальт төселді. – Қала жолдарын жөндеу мәселесі күнтіртібінен түскен емес. Жыл сайын тозығы жеткен жолдарды жаңартуға қыруар күш жұмсалды. Биылдың өзінде бірзандар бері жөндеу көрмеген жолдарға асфальт жамылғысы төселді. Жол жөндеудің сапасы да жолға қадағалауда. Жол салған мердігер мекемелер жолдың сапасына үш жылға дейін кепілдік береді. Үстіміздегі жылы сапасы сыр берген жолдар мердігер компания есебінен қайта жөндеді, – деген тұрғын-үй коммуналдық шаруашылығы, жолашылар көлігі мен автомобиль жолдары бөлімінің бас маманы Бахтияр Пардабеков қалаға тиесілі ауылдар да назардан тыс қалмағанын жеткізді. Кеңір селосында 1,7 шақырым жол жаңартылса, Талапта 700 метрі жөндеді.

Өз тілшіміз  
Суреттерді түсірген  
Ғалия ӘБДИПАПРОВА

# ПЕДАГОГ МӘРТЕБЕСІ СӨЗ БОЛДЫ

**Қазақстандық салалық білім және ғылым қызметкерлері кәсіптік одағының Жезқазған аумақтық кәсіподақ ұйымы жылдағы дәстүр бойынша «Пәрменді кәсіподақ – еңбекшілердің сенімді қорғаушысы» тақырыбында кезекті атқару комитетінің отырысын өткізді. Отырысқа кәсіподақ ұйымдарының және Балқаш, Қаражал, Жезқазған, Сәтбаев қалалары мен Ақтоғай, Жаңаарқа, Ұлытау, Шет аудандары оқу орындарының бастаушы кәсіподақ ұйымдары төрағалары, сондай-ақ, қалалық мәслихаттың депутаты Әбдірахман Досанов пен Қазақстандық салалық және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымының еңбекті қорғау жөніндегі бас маманы Батыр Әлиев қатысты.**

Жезқазған аумақтық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымының төрағасы Марат Қоңырбаев төрағалық еткен атқарушы комитет отырысының күн тәртібінде шығарылған екі сұрақтың алғашқысы ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауының басым бағыттарына ұстаздар қауымына жеткізуге бағытталды.

– Білім беру жүйесі қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуында жетекші рөл атқарады. Сондықтан, білім беру жүйесіне қатысты нақты тапсырмалар Жолдауда көрініс тапты. Атап айтқанда, мемлекет басшысы республиканың ауылдық мектептерінде білім беру жүйесін жетілдіру, еліміздегі жоғары оқу орындарында білім беру сапасы мен ғылыми зерттеулердің тиімділігін арттыру қажеттігін алға тартып, әлеуметтік жаңғыртудың жаңа кезеңдері елдегі білім беру сапасын жетілдірумен тығыз байланысты екенін айтты. Және жоғары білікті

кадрларды даярлау отандық және шетелдік еңбек нарықтарының талаптарына сәйкес болуы тиіс деген талап қойды. Жоғары оқу орындарының түлектерін жұмысқа орналастыру мәселесіне тоқталған Президент аталмыш проблемаларды шешудің тиімді жолдарын нұсқады, – деп баяндамасын оқыған Жезқазған аумақтық білім және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымының бас маманы Раушан Қожабаева ұстаздар мәртебесін жоғарылату мен педагогтердің жалақысын төрт жылдың ішінде екі есеге өсіру жайы да Жолдауда қауалғанын айтты. Сөз соңында Раушан Құрмашқызы қазақстандық педагогтерге жүктелген зор міндеттерді сезініп, білім беру сапасын жақсартуда қалмауы керектігін алға тартты. Одан соң баяндамашы күн тәртібіндегі екінші сұрақ – кәсіподақ мүшелері мен олардың балаларын сауықтыру жұмыстары туралы есеп берді. Жалпы биылғы жазда 252 бала сауықтыру лагерлеріне жолдama алды. Оның ішінде 70-і – көп балалы отбасынан. «Рухани жаңғыру» бағдарламасы

шеңберінде «киіз үйлік» лагерде 123 балқаштық пен ақтоғайлық ұл-қыздар демалу мүмкіндігіне ие болды. Ұстаздардың денсаулығын жақсарту мақсатында берілетін шипажай жолдамаларының да саны жыл сайын артуда. Биыл «Мойылды», «Сарыағаш», «Қарғалы», «Көктем», «Жаңақорған» шипажайына 372 ұстаз жолдama алған.

Атқару комитетінің отырысы кәсіподақтың еңбекті қорғау жөніндегі өндірістік кеңесі мен еңбек қауіпсіздігі қызметі бойынша жауапты тұлғалардың, техникалық инспекторлардың қатысуымен өткен «Мекемелердегі еңбек қауіпсіздігі» тақырыбындағы семинарға ұласты. Семинар барысында қазақстандық салалық және ғылым қызметкерлері кәсіподақ ұйымының еңбекті қорғау жөніндегі бас маманы Батыр Әлиев ұстаздар мүддесін қорғау мен еңбек қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелеріне тоқталды. Ғылыми жылы мұғалімдер мерекесі мен күні кеше ғана бекітілген 10 қазан – кәсіподақ күніне орналастырылған марапаттау салтанатымен қорытындыланды.



Саналы ғұмырын білім беру саласына арнап, бақытын бала оқытудан тапқан Қанат Мақажанов, Аққушы Ибраева, Рысқұл Нұрұлдаева, Бахыт Махатова мен Любовь Орехова, тәсбелгісі мен кәсіподақтың Құрмет грамотасы да жезқазғандық иелеріне салтанатты түрде тапсырылды. Диана ОРАЗАЛИНА

## «ҰСТАЗ БОЛУ АРМАНЫМ ЕДІ»



«Өмірде екі нәрседен қателеспеу керек: бірі – жар таңдау болса, екіншісі – мамандық таңдау» деген сөз бар. Соның екіншісіне тоқталғым келеді. Менің жүрек қалауыммен таңдаған мамандығым – педагогика. «Педагог дегеніміз кім?» деген сауалға жауап іздейтін болсақ, педагог – балаларға сапалы білім беруден қатар, олардың тәрбиесін, тәртібін жақсарту жолында да маңдай терін төгетін, әрбір шәкіртіңе мейіріммен жеке тұлға ретінде қарап, болашаққа дұрыс бағыт-бағдар сйлтейтін жан.

Ақырын жүріп, анық бас, Еңбегіңз кетпес далаға. Ұстаздық еткен жалықпас, Үйретуден балаға, – деп ұлы Абай айтқандай, ұстаз – білімнің жаршысы, қадірлі мамандық иесі. Ұстаздың алдынан қаншама ғұлама ғалымдар шығады. Әйгілі геолог ғалым Қаныш Сәтбаевты мысалға алып көрелік. Оның өлем мойындаған жетістіктері жеті – бала күнінен білімге баулып, саналы тәрбие берген ұстаздарының да еңбегі емес пе? Білімпаз ұстаздардың тәрбиесін көрген Қаныш та өзінің ізін жалғайтын Ағыл-тегіл жыр, десте-десте сөз арнасам да олардың алдындағы парызым өтелімес анық. Адамзатты ақ сүтімен асыраған ана есімі – мәңгі баламасыз. Ал ұстаз – екінші анамыз. Ендеше, ана мен ұстаз – бірі ұғым.

Мен үшін аялап құрметтеуге, аспандайтып мақтауға лайық екі жан бар. Оның біреуі – ана болса, екіншісі – ұстаз. Осынау екі тұлға үшін жүрегімді жұлып беруге дайынмын. Ағыл-тегіл жыр, десте-десте сөз арнасам да олардың алдындағы парызым өтелімес анық. Адамзатты ақ сүтімен асыраған ана есімі – мәңгі баламасыз. Ал ұстаз – екінші анамыз. Ендеше, ана мен ұстаз – бірі ұғым.

Мен білетін кіршіксіз бір әлем бар, ол – адамгершілік. Мен білетін бір бекзаттық бар, ол – парасаттылық.

Мен білетін асқақ биіктік бар, ол – білім. Міне, осы сезімдер – адам мен хайуанның арасындағы басты шекара секілді. Ал осы сезім өрнегімен жүрегімізге әсемдік бейнеленген ұстаз болмысы – мәңгі ардақты болып қалары сөзсіз. Ақтықты, пәктікті іздесең – сөбидің жанарына, сый-құрметті, адалдықты іздесең – ұстаздың жүрегіне үңіл дер едім...

Ғасырлар бойы қалыптасқан рухани құндылықтарымызды, ұлттық байлығымызды көздің қарашығындай сақтап, дәріптеу, жогын түгендеп, барын игеру – XXI ғасыр ұстазының бойынан табылуға тиісті басты құндылықтар. «Балаға бірінші зекете тәрбие берілуі керек. Тәрбиесіз берілген білім – адамзаттың қас жауы» деп Әбу Насыр әл-Фараби бабамыз айттып кеткендей, бүгінгі шәкіртті тәрбиелеуде де – ұстаздың ескеруі керек негізгі мәселе – дұрыс тәрбие. Сол себепті де, білікті педагог білім мен тәрбие таразысын тек ұстай алуы керек.

Менің педагог ретіндегі басты ұстанымым – оты бар жүректі тұтатып, асау жалын сыйлау, білім бере отырып тәрбиені де қоса беру, өз біліктілігіме сендіре алу. Ұстаздың атын биікке шығарып, даңқын асқақтататын тек шәкірті ғана. Ұстаздық жолында әйгілі американи жазушысы Уильям Уордтың «Жай мұғалім хабарлайды, жақсы мұғалім түсіндіреді, керемет мұғалім көрсетеді, ұлы мұғалім шабыттандырады» деген қанатты сөздерін ұран етіп 46 жыл ұстаздық кәсіпті жан серігім қылдым. Бала күнінен № 8 қазақ орта мектебінде білім берген ұстазым Бақұддин Дүйсековті ұлгі тұттым. Ол кісі керемет тарихшы еді. Оған ұқсағым келді. 1970 жыл Лениннің 100 жылдық мерейтойына орай телевизиялық көркемөнерпаздар байқауы өтті. Сол байқауда мен де

бақ сынауға бел байлап, қазақтың қара домбырасымен Ғарифолла Құрманғалиевтің «Он алты қыз» әнін орындап шықтым. Осы байқауда № 6 Төректі мектебінен қатысқан тағы бір мұғалім Зоя Бейсембаева «Сыр сұлуы» әнін орындады. Байқау соңында екеуіміз де диплом және бағалы сыйлықтармен марапатталдық. Осы байқау мені шындады десем де болады. Бұдан кейін менің әнге деген құштарлығым одан әрі арта түсті. Кейін мектепаларық ән байқауында әріптесім Ләззат Дольбаева екеуіміз Сейдолла Бөйтеректің «Әлия» әнін орындап I орынды иелендік. Осы орайда айтарым, ұстаз тек сабақ беріп қана қоймай, түрлі мәдени іс-шаралардан да құр қол қалып қоймауы керек. Себебі ұстаз – мәңгі ізденімпаз жан. Ұстаздық жолымда республикалық «Қазақстан мектебі» журналына мақала жаздым. Ол әйгілі күйші Құрманғазы Сағырбаевқа арналған «Халық кегінің күйшісі – Құрманғазы» атты мақала болатын. Сондай-ақ, аталмыш журнал бетінде «Ұяда не көрсен, ұшқанда соны ілесің» атты мақалам да жарық көрді. 2012 жылы «Өнегелі өмірдің ізімен» атты кітабым баспадан шықты. Женістің 70 жылдығы қарсаңында Төректі ауылынан соғысқа аттанған майдангерлердің ерлігі, олардың соғыстан кейінгі ғұмыр жолдары «Ер еңбегі – ел өсиеті» атты екінші кітабыма арқау болды.

Уақыт қандай жылдам десеңізші?! Кезді ашып-жұмғанда сексеннің сеніріңе де шығыптың. Құдай қосқан қосалым Ақжібек екеуіміз сексен жылдық мерейтойымды бала-шаға, немере-шеберлердің қасында дүбірлетіп той жасап, зор қуанышпен қарсы алдық.

1959 жылы № 8 қазақ орта мектебінің он жылдық сыныбын бітіріп, ұстаздық мамандыққа оқуға түстім. Оны бітірген соң, № 6 Төректі орта мектебіне жұмысқа орналасып, ұстаздық еңбек жолымды бастадым. Міне, содан бері 46 жыл зырғып өте шығыпты. Сөзімді қорытындылай келе, № 6 Төректі орта мектебінің ұжымын, Кеңіргі орта мектебінің тарихшысы Ғалым Борановты ұстаздар мерекесімен шын жүректен құттықтаймын және барша ұстаздар қауымы жұмысына үлкен табыс құбаныш «Қадір Мырзаәліні оқысаң – санаңа сәуле толады, Мұқағали Мақатаевты оқысаң – жүрегіңе сәуле тұнады» демекші, менің ендігі арманым – осындай ұлы тұлғалардың ізінде болған сәулілі ұстаздар көбейе берсе екен!

**Жамантай МАҚМҰТҰЛЫ**  
Төректі ауылы

## ЖЕТІ ІШЕКТЕН СЫР ҰҚҚАН



Ертеде бір қария өмір сүреді. Қарияның Алпадан тілеген жеті ұлы болыпты. Жетеуі де батыр, өнерлі болады. Олар асық ойнауда алдарына жан салмайды екен. Күндердің күнінде қария мекен еткен өңірге жүт келеді. Ел бар малынан айрылып, ішгерге ас таппай сандалады. Елді індет жайлап, халық төгіс қырыла бастайды. Айтпай келген нәубеттен қарияның тұңғыш ұлы Қани көз жұмады. Тұңғышының өліміне күйіңген ол тегіс ағаштан аспап жасап, оған Қанидің жақсы көретін асығын қадап, ішек жалғайды. Баласын жоқтаған қария әлгі аспапта оған арнап «Қарағым» күйін тартады. Қазаның арты суымай жатып-ақ екінші ұлы Төрөзіп де дүниеден озады. Аспапқа Төрөзіптің асығын қойып, тағы бір ішек жалғайтын қария күн інін «Қанат сұнар» күйін шығарады. Одан кейін үшінші ұлы Жайкелді қайтыс болады. Ол аспабына тағы бір ішек қосып «Құмарым» күйін өмірге әкеледі. Келесі күні төртінші ұлы Бөкен де о дүниеге аттанады. Қайғыдан қан жұтқан әке аспапқа төртінші асық пен ішекті қосып «От сөнер» күйін төбріне толғайды. Қайғы үстіне қайғы жамалып, қарияның бесінші қызығы Хауас та қаза болады. Бұл жолы ол «Бақыт көшті» күйімен ұлын келмеске шығарып салады. Одан әрі алтыншы ұлы Зұлзар да көз жұмып, дүниеге «Күн тұтылды» күйі келеді. Ауыр қазадан соң алты асығының ізін суытпай-ақ қарияның көңжесі Қияс та ұзақ сапарға аттанып кете барады. Соңғы қызығы да жер құбып, өмірдің бар мәнінен ада болған қария аспабына жетінші асық пен ішегін жалғап, күн дүниені басына көтеріп, зарлана «Жеті баламан айрылып құса болдым» атты күйін шығарыпты. Содан бері жеті ішекті бұл аспап «етіген» деп аталған екен.

Жетіген аспабының этимологиясын лингвист ғалымдар «жігіт» және «ән» сөздерінің бірігіп, кіругі тәсілі арқылы жаңа ұғым жасаған деп түсіндіреді. Жасалуды да, ойнау әдіс-тәсілі де өте күрделі саналатын жетіген аспабының орындаушылары елімізде санаулы ғана. 2005 жылға дейін мысты шаһар Жезқазған төрінде жетігеннің қыр-сырын толық меңгерген музыкант маман мүлде жоқ еді. Айнур Ақтайбекованың Жезқазғанға оралуымен қазақтың ішекті аспабы жетіген жезді мекенді де өсем үнді күйлерімен шалқыпты.

1974 жылы Қарағанды қаласында туған Айнур Ақтайбекова – отбасындағы үш баланың ортаншысы. 1985 жылы әкесі Аманбек ұш жылдық жұмыс кәсіпшісартын өтеу мақсатында отбасымен Сәтбаев қаласына қоныс аударады. Басында «Үш жыл бітсімен Қарағандыға қайтып ораламыз» деп келген Аманбек ағай Жезқазған көпбейнді

Ақтайбекова әсем шаһар Алматыға аттанады. Алматыда екі ішекті, көп пәнелі салқам домбыраның шашасына шаң жуытпайтын шебер орындаушылардан дәрiс алады. Екі жылдық оқуды тәмамдаған ол 1995 жылы Жезқазғанда қайтып оралып, өзі бітірген Жезқазған музыкалық училищесіне ұстаз болып жұмысқа орналасады. Елге белгілі талай жастың алғашқы тұсауын кесіп, абыройын асқақтатқан осынау оқу ордасында ол бес жыл қызмет етеді. Көп жылдық еңбегі мен талмай ізденуінің арқасында 2000 жылы ел астанасы Нұр-Сұлтан қаласындағы Қазақ Ұлттық музыка академиясына оқуға қабылданады. Бұл жерде жетіген аспабын толық меңгерген ол студент болып жүріп-ақ, Л.Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті жанынан ұйымдастырылған әйгілі күйші Секен Тұрысбековтің «Қоңыр қаз» фольклорлық ансамблінде жетіген аспабын орындаушысы болып жұмыс жасайды. Талантымен талай қазақты сүйсіндіріп, көптің қошеметіне бөленген Рүстем Кұлшбаев, Жанғали Жүзбай, Дүйсен Орынбай, Ермұрат Үсенов, Қарасай Сайжанов сынды өнер майталмандарынан дәрiс алған Айнур Ақтайбекова 2004 жылы сүйікті қаласы Жезқазғанға қайтып оралады. Міне, сол уақыттан бері ол Жезқазған қаласындағы маңдайдалды өнер шарыаға – өнер мектебінде шәкірт тәрбиелеумен айналысып келеді. Ыстық ұясына оралған Айнур Жезқазған, Сәтбаев қалаларындағы өнер мектептерінен жетіген сыныбын ашады. Биыл Сәтбаев қаласындағы жетіген сыныбына – 4, Жезқазған қаласындағы жетіген сыныбына – 2 жыл толып отыр. Қазіргі таңда сәтбаевтық сегіз, жезқазғандық он бес балаға жеті ішекті сазды аспапта ойнаудың қыр-сырын үйретіп жүрген Айнурдың шәкірттерінің жетістіктері де таңқалдырмай қоймайды. Бүгінге дейін жетіген шебері тәрбиелеген шәкірттер Нұр-Сұлтан, Алматы, Қарағанды, Қызылорда, Санкт-Петербург қалаларында өнер көрсетіп, бас жүлде мен I орындарға ие болған Алдағы күндерде Түркияның Стамбул қаласында өтетін өнер фестиваліне дайындалып жатқан Айнур Ақтайбекова мен шәкірттеріне біз де жеңісті күндерде жолығуды тілейміз. Ұлылықтың бастауы мен жақсылықтың түп қазығы болған ұстаз мәртебесінің ең биік шыңы шәкірттерінің алғысы екендігі сөзсіз. Ендеше, Айнур Ақтайбекова – осынау ұлы мұратты бағындырған ұстаз.

**Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН**

## ҰРПАҚ БАҒДАРШЫСЫ

**«Ұстаз ілімін көркейтпей ұстаздық өнері алға баспайды», – деген ұстанымды қолына ту еткен №10 жалпы білім беретін орта мектептің директоры Әлия Бәжібаева бүгінгі қоғамда халық ықыласы мен сенімінің үдесінен шыға білу үшін жас маманға ең алдымен кәсіби терең біліммен қатар үлкен жүрек пен зор талпыныс қажет екенін айтты. Бойына аталған қасиеттерді жинақтап, ұстаз деген ұлы атқа лайықты әріптестерінің аттарында атады. Солардың бірі әрі бірегейі – Шолпан Әбдіқапарқызы СЕРІКБАЕВА. Жақсылық атаулыны ішкі жан дүниесімен қабылдап, өз бойындағы білімді, берік қалыптасқан көзқарасты оқушы бойына дарыта білетін бүгінгі кейіпкеріміз – география пәнінің заманауи мұғалімі.**

«Заманауи» деген теңеу сөзін Шолпан Әбдіқапарқызы есімімен қатар атап, еклін беруімізде себебі – ол білім беруді ұтымды ұйымдастыру мақсатында өз жұмысында өлемнің озық әдіс-тәсіл шеберлігін пайдаланып, диджитал технология мен ғылымға көп көңіл бөледі. Жаңашылыққа жаны құмар ұстаз үйреншікті 40 минуттық сабақты ойын форматында өткізеді. «Үздіксіз білім алу жұмыс жүйесі арқылы нәтижелі оқытуға қол жеткізу» әдістемелік тақырыбын басшылыққа алған мұғалім ғылыми нәзіздемелерге сүйене отырып, оқушылардың функционалды сауаттылығын дамыту мақсатында әр сабақты жүйелі түрде диалог, тренинг жобалау, кіріктіріме сабақтарымен ұштастырады. Соның арқасында шәкірттері географиялық ұғымдар мен заңдылықтарды терең меңгеріп, облыстық, республикалық білім додаларында озып жүр.

Өзінің білімін үздіксіз жетілдіріп, білім жүйесінде оңтайлы серпілс өзгерістерді қабылдап қана қоймай, оны өңгелі істермен айышқытай білетін Шолпан мұғалім облыстық білім беру басқармасының «Педагогикалық оқу-әдістемелік қызметін оңтайлы ұйымдастыру бойынша өзгеріс» атты стратегиялық даму бағдарламасы шеңберінде «Қысқы бақ» жобасын қолға алды. Білім ордасындағы зертханалық жұмыстардың нәтижесін насихаттаудың бұл түрі министрліктің де оң бағасына ие болғанын атап өткен жөн.

– XXI ғасыр бізден заманға сай білім беруді талап ететіні белгілі. Сондықтан, қай сала болмасын инновациялық жобаларды жүзеге асыруға басымдық береді. Қазіргі таңда мектептерде өсімдіктерді гидропоника әдісімен өсіру жобасы кіріктірілді. №10 мектеп ұжымы аталған жанаашылықты назарға

ала отырып, өз даму бағдарламасын жасады. Нәтижесінде біздің оқушылар жылыжайда өсімдік өсірудің технологиясын жетілдіруге бет бұрды, – деген жоба жетекші жылыжайда өсіп тұрған қияр, асқек, ақжелкен мен салат жапырақтарын көрсетті. Сыртта қоңыр күздің салқыны тартып тұрсада, мектеп іші жасыл желекке оралып, ал қызыл гүлдің аңқыған иісіне толы. Әрине, бұл – шәкірттердің ұстазымыз бірге қол жеткізген жетістігі.

Ө.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің география мамандығы бойынша тәмамдаған Шолпан Әбдіқапарқызы еңбек жолын Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың қатысуымен ашылған №10 орта мектептен бастайды. Жас маман екеніне қарамастан алдыңғы толқын педагогтердің тәлімгерлік көмегі мен дұрыс бағдарлы арқасында өзіне сеніп тапсырылған орыс сыныптарға географиядан сабақ береді. Осылайша, қазақ тілді мұғалім өз шеберлігін шыңдай алды. Тәжірибесі молай түскен соң Жезқазған бизнес және көлік колледжіне ауысқан ұстаз өзінің қабілеттілігі мен жан-жақтылығының арқасында география және туризм пәнінің оқытушысы жаратылыстану-математикалық пәндер кафедрасының меңгерушісі, директордың инновациялық және әдістемелік ісі жөніндегі орынбасары сынды лауазымды қызметтерді абыроймен атқара білді. Ұжымда сыйлы, оқушылары арасында құрметке ие болған ол 2016 жылы сүйікті мектебіне қайта оралды.

Білімі мен тәжірибесі толысқан Шолпан Серікбаева келер ұрпақты білім өлеміне жетелей жүріп жас ұстаздарға берері мол әдістемелік бағдарламалар әзірледі. Атап айтқанда, білікті ұстаздың ҚР стандарттарына сәйкес жасалған сапа менеджмент жүйесінің құжаттамасының нәзіздемелері әзірлеудегі бағдарламасы бүгінде салалық колледждерде кеңінен пайдаланылады. Сонымен қатар, мектеп пен музей арасындағы әріптестікті нығайтуға бағытталған «Жаңартылған білім беру мазмұнын нәзіздегі музей педагогикасының интеграциясы» атты тәжірибелік-эксперименттік жұмыс бағдарламасы да тиімділігімен танылды.

Жаңашыл жас ұстаздың алда апар асулары мең мақсаттары әлі де көп, осы бағыттан таймаса, білектен көрінетініне анасы мен әріптестері кәміл сенеді. Анасы демекші Шолпанның ұстаздық жолды таңдауына анасы Қымбат Ләтбаева себепші болған. Бүгінде Ұлытау ауданының мектебінде ұстаздық ететін анасы – жоғары санатты математика пәнінің мұғалімі. Оның шәкірттері жылда ұлттық бірінғай тестілеуден сүрінбей өтіп, «Болашақ» бағдарламасы аясында шетелдерге білім алады.

Анасына қарап бой түзген Шолпан Серікбаева ұстаз ғана емес, сонымен қатар, ата-енесінің батасын алған ибалы келін, аяулы жар әрі ардақты ана.



Өзі туралы айта бергенді ұната қоймайтын кейіпкеріміз сәтті пайдаланып, әріптестеріне мерекелік тілегі жолдады: «Бүгінгі таңда еліміздегі басты мекесі – үздік отыздық елуін. Осы мұратқа жету үшін – тек білім мен ғылымға негізделуіміз керек. Бұл – заман талабы. Сондықтан, педагогтерге жүктелер міндет пен артылар жауапкершілік зор. Бүгінгінің ұстазы рухани бай, педагогикалық, шығармашылық тұрғыда дамыған кәсіби тәсілдерді жетік меңгерген болуы шарт. Әріптестерімді осы талаптар үдесінен шығу жолында тыңбай өзін-өзі дамытуға шақырып, кәсіби мерекемне құттықтаймын. Отбасыларыңызға береке-бірлік орнап, бақ-дәулеттеріңіз тасып, мерейлеріңізді үстем ететін талапты шәкірттеріңіз көп болғай», – дейді ұстаз.

«Жақсы ұстаз – шамшырақ» дейді халық даналығы. Міне, сондықтан Шолпан Серікбаева ардағым өз әріптестері мен шәкірттерінің алдында қасиетті тұлға ретінде ерекшеленеді де тұрады.

**Диана ОРАЗАЛИНА**

ЖЕЗҚАЗҒАН БИЗНЕС ЖӘНЕ КӨЛІК КОЛЛЕДЖІНЕ – 10 ЖЫЛ

# ЗАМАН ТАЛАБЫНА САЙ

(Соңы. Басы 1-бетте)

Бағдарлама аясында колледж 2015 жылы – 50, 2016 жылы – 30 студент қабылдаған. Алғашқы болып мысты шаһардың серпіндік жастарын қанат қақтырған оқу ордасы оларды жұмыспен қамту көрсеткіші бойынша да алдыңғы қатардан көрінді. Бүгінде «Серпін-2050» Білім бағдарламасы негізінде маман атанған колледж түлектерінің 75%-ы жұмыспен қамтылды. Ал жалпы статистикаға сай колледжді бітірген түлектердің 80%-ы жұмыспен қамтылған. Колледжге орта мектепті бітірген соң жоғарыда аты аталған мамандықтар бойынша оқуға түсіп, саналы кәсіптік білім алып шыға аласыз. Студенттерге негізгі кәсіптік білім алып шыққан соң бір жыл тағы да жұмысшы мамандығын игеру мүмкіндігі қарастырылған.

Бизнес және көлік колледжіне жыл сайын оқу грантары бөлінеді. Мысалы, 2017-2020 оқу жылында 401 студент колледжде тегін білім алу мүмкіндігіне ие болған. Қазіргі таңда колледж «ҚТЖ-Жұк тасымалы» АҚ Жезқазған филиалы – «Қарағанды жүк тасымалдау бөлімшесі», «Трансо Zhezkazgan» ЖШС, «Нур-Жол-Алем» ЖШС Жезқазған бойынша бөлімі, «Integra Construction Kz» Южная дирекция» ЖШС, «Марал-Нур», «Ютария Ltd» ЖШС, «Қазақстан теміржолы» ұлттық компаниясы» АҚ «Қарағанды магистральдық желі бөлімшесі» филиалының Жаңаарқа филиалында және байланыс дистанциясы, СТО «Тұлпар» бөлімі, «КазТрансОйл» АҚ Жезқазған мұнай құбыры басқармасы, Жезқазғандағы қалалық автомобиль жолдары басқармасы, «АлмасҚұрылыс Kazakhstan» ЖШС, Қарағанды облысы, Жезқазған қалалық соты, Жезқазған тарихи- археологиялық



музейі сынды мекемелермен әлеуметтік серіктестік орнатып, студенттердің іс-тәжірибелік жұмыстары үшін тиімді байланыс орнатып отыр. Студенттерге ақылы іс-тәжірибеден өту мүмкіндігі жасалғанын да атап өтпекке болмас. Болашақ мамандар еліміздің 12 өңірінде жобаға қолдау білдірген «КазТрансОйл» компаниясында білімдерін тәжірибе жүзінде сынап жүр.

«Шексіз білім беру» инновациялық жо-

басы шеңберінде шетелдік білім беру мекемелерімен де тығыз байланыс орнату жұмыстары жалғасуда. Былғы жылы алғаш рет «Туризм» мамандығы бойынша мемлекеттік тапсырысқа студенттер қабылданды. Соған орай студенттердің кәсіби тәжірибеден өтулерін қамтамасыз ету мақсатында «Caspiar Center» академиясымен ынтымақтастық меморандум жасалды. Енді студенттерді Түркия Республикасында қонақ үй шаруашылығы мен

туризм саласы бағытында кәсіби іс-тәжірибеден өткізу мақсатында арнайы жоспарлы жұмыстар жүргізілуде.

Колледж өмірінде аталмыш білім ошағының кандидаты, Қазақстан Республикасының Білім мененаты, тарих ғылымдарының кандидаты, «Nur Otan» партиясы Саяси кеңесінің мүшесі, Қарағанды облысы Қазақстан Халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, Қарағанды облыстық мәслихатының депутаты Бекзат Алтынбековтің орны бір төбе. Мемлекет деңгейіндегі түрлі марапат иегері атанған оның жетістіктерін айтып тауысу мүмкін емес. Оқу ордасына барынша көмек көрсетіп, игі істердің шарапатына айналған оны барлық колледж студенттері мен ұжымы құрмет тұтады.

«Адамның адамгершілігі жақсы ұстаздан болады» дейді қазақтың ұлы ақыны Абай Құнанбайұлы. Шәкірт зердесіне пайдалы біліммен қатар, саналы тәрбиені де сіңіру – ұстаздық қызметтің басты ұраны. Міне, осынау ұранды өз істеріне мызғымас қағида еткен Жезқазған бизнес және көлік колледжінің ұстаздары да мақтауға тұрарлық. Колледж директоры, филология ғылымдарының кандидаты, Ресей жаратылыстану академиясының профессоры, ҚР Білім беру саласының үздігі, «Ы.Алтынсарин» төсбелгілерінің иегері – Светлана Жумкина. Қазіргі таңда Жезқазған қалалық мәслихатының депутаты қызметін де қоса атқарып жүрген ол – ұстаздық мейірім мен іскерлік шеберлікті дәл ұштастырған аяулы ана.

Қос басының қанатының астында білім алып жатқан шәкірттердің де, тәлім беруші ұстаздардың да жетістіктері көз қуантар-

лық. Колледжде тек білгір ұстаздар қауымы жинақталған. Қазіргі таңда оқу ордасында 50 педагог жұмыс жасайды. Олардың 8-і – ғылым кандидаты, 8-і – ғылым магистрі және 15-і – жоғары санатты, 12-сі – I санатты оқытушылар. Ұстаздық еңбектің биік шыңына көтерілген олар – «Ы.Алтынсарин» төсбелгісінің, Білім беру ісінің құрметті қызметкері, «Ұлт мақтанышы» төсбелгілерінің иегерлері. Нәсіп Исатаева, Мадина Байкенова, Жанат Абынағиева, Анар Бірлібекова, Гүлнар Амина, Надежда Дискенова, Луиза Оспанова, Нұрғұл Омарова, Гүлнәр Мусина, Гүлнұр Түсіпбекова, Гүлдана Алтынбекова, Ақмаш Молдабек, Ерболат Садуақасов, Қарлығаш Сарина, Мадина Тұңғышбаева, Айжан Қомарова, Әлия Сұлпейменова сынды аяулы ұстаздар колледждің он жылдық тарихы мен тыныс-тіршілігінде аяғай еңбек етіп, шәкірттердің алғысына бөленген.

Денегенген дүние дүбірінде 10 жыл уақыт аса бір көп кезең еместі анық. Ғылыми техникалық революцияны әр секунд сайын өткіріп жатқан XXI ғасыр – әсіресе, білім-ғылым саласында жеделдікті, ізденімпаздықты, жан-жақтылықты талап етеді. Міне, он жыл ішінде тек қала төңірегінде ғана емес, Ұлытау-Жезқазған аймағының бөделді оқу орындарының біріне айналып, республика дәрежесінде биік жетістіктерді бағындыра білген Жезқазған бизнес және көлік колледжі мақтауға да, мақтануға да тұрарлық. Ендеше, бұл колледждің болашақта да дана Абай арқан үмітке, Маржан ақын арқан сенімге селкеу түсірмей тек биікте жарқырай беретініне көміл сенімдіміз.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

## ЖАЗУ РЕФОРМАСЫ

# «ЛАТЫН ҚАРПІНДЕ ЖАЗЫП ДАҒДЫЛАНАМЫЗ»

атты семинар-тренинг өтті

Бүгінде латын таңбаларына негізделген жаңа қазақ әліпбиіне көшу жұмыстары қарқынды жүзеге асуда. Соның бір дәлелі – Жезқазған қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімі мен «Тіптану» оқу-әдістемелік орталығының ұйымдастыруымен өткен семинар-тренинг.

«Латын қарпінде жазып дағдыланамыз» атты семинар-тренинг Қарағанды облысының тілдерді дамыту жөніндегі басқармасы жанындағы ресурстық тіл орталығының латын графикасына көшу бойынша оқыту және әдістемелік жұмыс жүргізу бөлімінің әдіскері Жансая Мұхаметжанова өткізді. Қазақ тіліне негізделген латын әліпбиі жобасымен таныстыра отырып, қазақ тілінің қадір-қасиетін, қолданғаны аясын кеңейтуді мақсат еткен семинар-тренингке мемлекеттік қызметкерлер, мектеп, колледж мұғалімдері мен Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің қазақ тілі мен әдебиеті мамандығының оқытушылары қатысты.

Семинар-тренинг басында сөз алған Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Гүлнұр Төлеуова жынға қатысушыларға қазақ тіліне негізделген



латын әліпбиінің соңғы жобасын таныстырып, қоғам арасында қалыптасқан түрлі пікірлерге қатысты өз ойымен бөлісті. Одан әрі Жансая Мұхаметжанова жаңа латын әліпбиі негізінде сабақтар үйретіп, қатысушылармен тәжірибелік жұмыстар жүргізді. Семинар-тренингте айтылған

маңызды жайттардың бірі – 2020-2021 оқу жылынан бастап латын әліпбиі барлық білім ошақтарында арнайы курс ретінде өтілетін болады. Осы орайда, бұл – қазақ тілі және әдебиеті пәнінің мұғалімдері мен оқытушыларына үлкен міндеттер жүктеледі деген сөз.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

## ҮШТІЛДІЛІК – КЕМЕЛДІК БАСТАУЫ

# БІЛІМДІ ҰРПАҚ – ЖАРҚЫН БОЛАШАҚ

Тіл – қай ұлтта, қай елде болса да қастерлі, қасиетті. Қазақ тілі – халқымыздың рухани байлығы, ұрпақтан-ұрпаққа мирас болып қалып отыратын асыл мұрасы. Ахмет Жұбанов «Әр халықтың ана тілі – білімнің кілті» деп тілдің адамзат өміріндегі маңызын аша түсті.



Қазіргі таңда «Келешекке кемел біліммен» деп Елбасымыз Н.Ә.Назарбаев ұстаным еткендей, келешекке кемел біліммен қандам басып, әлемдік білім кеңістігінің құпияларына үйіліп, қоғамға бейім, өз қабілетін таныта алатын, жан-жақты дамыған, бірнеше тілді меңгерген құзыретті тұлғаны қалыптастыру басты мақсаттардың бірі болып отыр. Үштілділік – осы мақсатты жүзеге асырудағы және бәсекеге қабілетті елдердің қатарына қосылуында ең негізгі баспалдақтың бірі. Елімізде тілдің үштілділігіне саясаты мәселесі сөз болғанда оның тиімділігіне баса назар аударылады. Бірінші кезекте бұл халықтың өзара түсінісуі мен ынтымақтастық жағдайында өмір сүруі үшін аса қажет өркениеттің негізгі талабы болмақ. Қазақстанның білім беру жүйесінде үш тілді оқыту технологиясының әр түрлі әдіс-тәсілдерін қолдана отырып білімді, ізденімпаз, шығармашылық бағыт ұстанатын, сол тұрғыда өз болмысын таныта алатын және тұлға тәрбиелеу ісіне ерекше мән берілуде. Елбасы үндеуінде қазақ тілі – мемлекеттік тіл, орыс тілі – ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі – жаһандық экономикаға ойдағыдай кіру тілі екендігін атап көрсетті. Үш тілді меңгерген тұлғаның өмір белесінде, білім кеңістігінде алары мен берері мол болары анық.

Сондай-ақ, Елбасы «Қазақстан – 2050» стратегиясында қазақ әліпбиін латындандыру тақырыбын жандандырып, 2025 жылдан бастап қазақ тілін латын графикасына көшіруге тапсырма берді. Жастарымыздың болашағы үшін біз осы шешімді қабылдауға тиіспіз және бұл біздің әлеммен бірлесуімізге, балаларымыздың ағылшын және интернет тілдерін терең меңгерулеріне жағдай жасайды, ең бастысы, қазақ тілін жаңғыртуға серпін береді. Халықаралық байланыс әліпбиіне көшу – әлемдік өркениет жетістіктеріне бет алудағы маңызды үрдіс, жаһандық тілдерлік стандарттарға қайта, ұлттық сана-сезімді нығайтуға ықпал ететін әлемдік тіл кеңістігіне бірігу жолындағы қадам. Бұл қазіргі заманың технологиялық ортаға ену үшін жаңа жағдайлар жасап, елдің білім беру саласын дамытудың жаңа айналымын туғызды.

Тіліміздің болашағы үшін қабылданған мемлекеттік маңызы бар үштілділік бағдарламасы аясында Жезқазған университетінде де бірқатар жүйелі жұмыстар жүргізілуде. 2017 жылдан бастап қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының ұйымдастыруымен уни-

верситет қабырғасында білім алушыларға қазақ, орыс, ағылшын, түрік, қырғыз және өзбек тілдерін үйретуді мақсат ететін «Глопиглот» клубы нәтижелі жұмыс істеуде. «Педагогика, психология және филология» кафедрасы ай сайын Spelling Bee – ағылшын тіліндегі сөздерді дұрыс дыбыстауға арналған конкурстар өткізіп тұрады. Конкурс мақсаты – студенттерді ағылшын тілін меңгеруге және өзара достық қарым-қатынастарын нығайтуға бағытталды. Сондай-ақ, өткен жылдың соңында «Латын әліпбиіне негізделген емле: артықшылықтары мен оққы тұстары» тақырыбында аймақтық деңгейде үстел өткізілді. Аталған іс-шараға Жезқазған, Сәтбаев қалаларының мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің тіл мамандары, ғылым кандидаттары, білім беру ұйымдарының оқытушылары мен кітапханашылар қатысып, ойларын ортаға салды. Сонымен қатар Жезқазған қаласының мәдениет және тілдерді дамыту бөліміне қарасты «Тіптану» оқу-әдістемелік орталығының мамандары «Рухани жаңғыру» бағдарламасынан бастау алатын латыннегізді қазақ тілінің жаңа емле ережелерін үйретуге арналған семинар-тренинг жұмыстарын тоқсан сайын жоспарлы түрде өткізді. Атап өтер тағы бір жәйт – университет оқытушылары мен студенттері латыннегізді жаңа әліпбиде жалпы республикалық және жалпы облыстық диалект жазу шараларына жүйелі түрде қатысып отырады.

Мемлекеттік тілдің мәртебесін биіктететін латын әліпбиіне көшу және ана тілімізді негізгі тұғыр етіп алған үштілділік саясатын жүзеге асыру – ортақ міндетіміз. Мақсатымыз да – Қазақстан Республикасының тіл саясатын жүзеге асыру, жан-жақты дамыған, үш тілді жетік меңгерген қабілетті жастарды қалыптастыру болып отыр. Осы тұрғыдан алғанда қазақ әліпбиін латын графикасына көшіру және үш тілді жетік меңгерту жөнінде семинарлар, конференциялар, дөңгелек үстелдер ұйымдастырып, мезгілді баспасөз беттерінде мақалалар жариялаумен және дерістер оқумен белсенді түрде айналысу – алдағы жоспарлы жұмысымыздың маңызы бөлігі.

Қаңат АЛТАЙБЕКОВА, филология ғылымдарының кандидаты, Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университеті қазақ тілі мен әдебиеті кафедрасының меңгерушісі

## ТҰСАУКЕСЕР

# ӨНЕГЕНІ ӨЗЕК ЕТКЕН КЕШ

С.Сейфуллин атындағы орталықтандырылған кітапханада еңбек ардагері, тіл жанашыры Асқар Ермекбайұлының «Өмірім бар жылдардың өзегінде» атты кездесуі өткізілді. Кешке қаланың мәдениет, руханият саласында жүрген жандар мен жастар қатысты.

«Қазақ тілі» қоғамының басы-қасында болып, туған тілімізді төрге шығару, ұлттық болмысымыз бен салт-дәстүрлерімізді дәріптеу жолында белсенді істерімен танылған жан. Облыстық «Қазақ тілі» қоғамы төрағасының орынбасары, кейін қалалық қоғамның төрағасы болды. Өлке тарихына қатысты істерге атсалысты. Белгілі қалагер жерлесіміз Әбілқасым Әмірәлинінің Қарсақбай-Жезқазған мыс өндірісінің өмірге келіп, қалыптасуы туралы тарихи-публицистикалық өңкерінен тұратын «Арқада туған алып» атты кітабы 1981 жылы жарық көрген болатын. Қаламгердің туғанына 100 жыл толу қарсаңында Асқар Ермекбайұлының жинақтауымен артында қалған мұралары толықтырылып, бұл кітап «Ұлытау кітапханасы» сериясымен қайта жарық көрді. Баспасөз саласында еңбек еткен Әбекең 1943

жылы Балқаш өңірінің ақыны Шашубай мен Қарсақбайдың ақыны Болманның айтысын ұйымдастырған еді. Сол жылдарда қарт ақын Иманжан Жылқыайдаровпен өзі де айтысқаны бар. Асекең ағайыны болып келетін Әбілқасым ағасының қойын дәптерінде жазылып қалған өлеңдерін, жеке мұрағатынан табылған деректер мен хаттарын да жинақтап кітапқа енгізді және алғашымен жазды. Өз өмірін өзек ету арқылы соғыстан кейінгі ауыл өмірінің қиыншылығы туралы баяндайтын «Ақсұңқар ұшар қыяға» атты кітабы бар. А.Ермекбаев енді бәйбішесі Тынштық Бузауова екеуі бірлесіп «Бузау болыс» жайлы жинақ шығарыпты. Өнегелі кеш осы кітаптың тұсаукесеріне ұласты.

Ашық энциклопедия дерегіне: «Бузау Толысбайұлы (1861-1918) ел билеуің болыс болған адам. Руы – Бағаналының Сары Шағыр бұтағы. Бузаудың өкесі Толысбайға 6 мың жылқы біткен. Бузау болыс өз заманында әділ төрелігі, ірі кісілігімен құрметке ие болған. 18 және 21 жасында екі рет бо-

лыстыққа сайланған. Жер дауы, жесір дауын әділ шешіп, Бағаналы, Тама, Арың, Қыпшақ руларының ара жігін ашпауға күш салған» деп жазылыпты. Бузаудың немере күйеу баласы саналатын Асекең осы деректерді нақтылап, өз естіген-білгендерімен толықтырған. Бұл кісінің айтуынша Бузау 34 жыл болыс болған. Әр сайлаудағы тартыста қанша мал шығындағаны, ағайын-туыстары туралы деректер қамтылған. Нақтылығы Бузау Толысбайұлы 1860 жылы туып, 1917 жылы 10 мамырда дүниеден өткен. Кесенесіне 1916 жылы қайта жаңғырту жүргізіліп, мемлекеттің қорғауына алынған. Сондай-ақ, кітапқа белгілі қаламгерлер Төкен Әлжантептің Бузау болыс туралы «Қаракердің қарымтасы» хикаяты мен Тоғанбай Құлманұлының «Бір болған оқиға» деген туындысы да енгізіліпті.

Тұсаукесерге ұлақан ардагермен кездесу кешінде Асқар Ермекбайұлының қалалық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің басышы Салтанат Нұрлыбаева құттықтап иығына тасып жауып, қала әкімінің Алғыс хатын шапсырды. Ұлытау ауданы әкімінің орынбасары Бағдат Байжантаев ізгі тілегін білдіре келе ұлытаулықтардың атынан Асекеңге ат мінгізді. Сондай-ақ, кеш іесін «Қазақтың корпорациясы» ЖШС Ардагерлер бірлестігінің төрағасы,



Жезқазған қаласының Құрметті азаматы Төлеген Бүкіров, қалалық ардагерлер кеңесінің төрағасы Айып Байқасынов, қалалық «Қазақ тілі» қоғамының жетекшісі Майра Мусина, ақын, еңбек ардагері Аққұлше Ибраева құттықтап, құрмет-қошметтерін көрсетті. Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі Ғалым Мұха-

медін және Республикалық ән байқауларының лауреаттары Қайрат Әбеуов пен Ардақ Мұқшышев халық әндерін әулетте шырқап, кеш шыршайын жүйізді. Орталықтандырылған кітапханалар кіргізілді, директорлары Ғалия Түгелбаева кеш іесіне ескерткіш сыйлық табыстады.

Амандық РАХУЛЫ

## БАБАЛАР МҰРАСЫ – ШЕШЕНДІК ӨНЕР

Түп негізі Майқы би мен Аяз биден бастау алатын қазақ халқы шешендік өнерінің тамыры – терең, құлашы – кең. Өткір орамды, терең тұжырымды ақ өлең мен қара өлеңге негізделіп, толғамды философияға тұнған бабаларымыздан қалған асыл сөздер бүгінгі таңда да өз мәнін жойған жоқ.

Елбасы Нұрсұлтан Назарбаевтың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы – бабалар мұрасын кеңінен дәріптеуді ғана емес, ұрпақ бойына сіңіріп, ұлжанды азаматтарды тәрбиелеуді де басты мақсаты еткен жоба. Жоба аясында Жезқазған қалалық әкімдік ғимаратында «Қазақ билері мен шешендерінің өнегесі» атты семинар-тренинг өтті. Жезқазған қалалық ішкі саясат бөлімінің бастамасымен ұйымдастырылған шараға Қазақстан Журналистер одағының мүшесі, «Дидар» телеарнасының бас продюсері Мақпал Орынбетова модераторлық етіп, қазақ шешендік өнерінің тарихи мен даму сатылары туралы баяндама жасады.

Шешендік өнер – кез келгеннің қолынан келе бермейтін кезект өнер. Қазақ халқында «Сөзім – өзім» деген деп айтылған керемет тіркес бар. Адамның қандай өкініш оның сөзіне қарап-ақ бірден таныға болады. Бүгінгі семинар-тренингке жиналғандардың басым бөлігі – мемлекеттік қызметкерлер. Сіздерге артылар жүк те екі есе. Ел басқарып, қоғам игілігіне қызмет етіп жүрген әрбір азаматтың, алдымен, сөз саптауы дұрыс болуы керек. Осы орайда, әрдайым естеріңізде болсын, адамның ішкі жан дүниесі қандай болса, аузынан да сондай сөз шығады. «Жақсы сөз – жарым ырыс» демекші, біз барлығымыз әрдайым жақсы нәрсе айлауға, жақсы сөз сөйлеуге тырысуымыз керек, – деді баяндама барысында Мақпал Орынбетова.



Сондай-ақ, шара барысында ол қазақ шешендік өнерімен қатар, ежелгі грек-рим шешендік өнері мен әлемдік көшбасшы ораторлардың ұлағатты сөздерінен мысалдар келтіріп, қатысушыларға ежелгі және қазіргі шешендік туралы, көпшілік алдында сөз сөйлеудің негізгі тәріптерін түсіндірді.

– Біз қазір «Шешендік өнер» курсы оқып жатырмыз. Бүгінгі семинар-тренингте сабақтан бөлек қосымша мағлұматтармен ақпараттандық. Тарихқа белгілі тұлғалардың ораторлық қасиеттерімен таныстық, – деді шара соңында Ө.А.Байқоңыров атындағы Жезқазған университетінің «Қазақ тілі және әдебиеті» мамандығының III курс студенті Нұрай Жұматай.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН, Суретті түсірген Ғалия ӘБДИҒАППАРОВА

## МЕДИАЦИЯНЫ ДАМЫТУДАҒЫ ҮЛЕСІ ЕСКЕРІЛДІ

«Медиацияны дамыту орталығы» республикалық қоғамдық бірлестігінің ұйымдастыруымен өткен медиаторлардың Бұрабайлық форумында жезқазғандық кәсіби медиатор Жұлдыз Есмурзина марапат төрінен табылды. Ол медиацияны дамыту орталығының ресми өкілдер арасында өткен байқауда озып, «Медиацияны дамыту орталығы» РҚБ президенті Азамат Жулаев пен медиаторлар жаттықтырушы Назым Түлекееваның Алғыс хатын иеленді. Сонымен қатар, медиацияны дамытуға үлес қосқан тағы бір топ жезқазғандық Алғыс хаттар бар. Оларды тапсыру салтанаты Жезқазған қалалық сотында өтті.



Марапаттау салтанатын қалалық соттың төрағасы Жанболат Шортанбаев пен кәсіби медиатор Жұлдыз Есмурзина жүргізді. «Медиацияны дамыту орталығы» республикалық қоғамдық бірлестігіне қамқор болғаныңыз, арқашан ортақ мақсатымызға қолжеткізуде белсенділік танытқаныңыз, команда мүшесі болғаныңыз үшін және адалдығыңызға алғысымызды білдіреміз» мәтініндегі «Медиацияны дамыту орталығы» РҚБ президенті Азамат Жулаевтың Алғыс хаты Жезқазған қалалық сотының төрағасы Жанболат Шортанбаевқа, судья Қабылда Қадиров пен Марат Бекжановқа, соттың кеңсе меңгерушісі Әсел Аманжолова мен бас мамандар Алмас Ахметов пен Лунара Адамбековаға, жетекші маман Алсу Мизамбайға, сондай-ақ, «Жезқазғанның вестник» газетінің бас редакторы Эльвира Алпанбаеваға табысталды.

Өз тілшіміз



07.10.2019

06:05 «Kónil tolyqlu»... 06:30 AQPARAT... 06:30 «Қалампыр»...

д-ня. 21:40 «Мәдениет үйі»... 22:15 «Рауза»... 23:00 «Листопад»...

14:35 «ИСЧЕЗНУВШАЯ»... 15:35 «ӨКНІШ»... 17:00 «ЖАТ ТУЫСТАР»...

06:00 «Гу-гулет»... 06:40 «Азулылар әулеті»... 07:40 «Яльрай»...

07.10.2019

06:00 «Қызық times»... 07:00 «Тобот»... 07:30 «Таңғы хабар»...

21:40 «Мәдениет үйі»... 22:15 «Рауза»... 23:00 «Листопад»...

КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР 20:00 «АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»... 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ...

06:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

08.10.2019

06:05 «Kónil tolyqlu»... 06:30 AQPARAT... 06:30 «Қалампыр»...

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «Күлдірген»... 07:00 Жаңалықтар...

06:00 «Гу-гулет»... 06:40 «Азулылар әулеті»... 07:40 «Элиф»...

06:00 Ризамын 07:00 Информбюро 08:00 «Адақсан ғұмыр»...

08.10.2019

06:00 «Қызық times»... 07:00 «Тобот»... 07:30 «Таңғы хабар»...

«Листопад»... 00:30 «Махаббатым жүрегімде 2»... 01:15 «Мектеп»...

«АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»... 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ... 21:40 «ШЕФ-4»...

06:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

09.10.2019

06:05 «Kónil tolyqlu»... 06:30 AQPARAT... 06:30 «Қалампыр»...

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «Күлдірген»... 07:00 Жаңалықтар...

«АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»... 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ... 21:40 «ШЕФ-4»...

06:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

10.10.2019

06:05 «Kónil tolyqlu»... 06:30 AQPARAT... 06:30 «Қалампыр»...

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «Күлдірген»... 07:00 Жаңалықтар...

«АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»... 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ... 21:40 «ШЕФ-4»...

06:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

11.10.2019

06:05 «Kónil tolyqlu»... 06:30 AQPARAT... 06:30 «Қалампыр»...

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «Күлдірген»... 07:00 Жаңалықтар...

«АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»... 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ... 21:40 «ШЕФ-4»...

06:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

06:05 «Қызғұ өкел...»... 07:00 «Тобот»... 07:30 «Таңғы хабар»...

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «Күлдірген»... 07:00 Жаңалықтар...

«АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»... 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ... 21:40 «ШЕФ-4»...

06:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

06:05 «Қызғұ өкел...»... 07:00 «Тобот»... 07:30 «Таңғы хабар»...

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «Күлдірген»... 07:00 Жаңалықтар...

«АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»... 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ... 21:40 «ШЕФ-4»...

06:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

06:05 «Қызғұ өкел...»... 07:00 «Тобот»... 07:30 «Таңғы хабар»...

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «Күлдірген»... 07:00 Жаңалықтар...

«АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»... 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ... 21:40 «ШЕФ-4»...

06:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

06:05 «Қызғұ өкел...»... 07:00 «Тобот»... 07:30 «Таңғы хабар»...

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «Күлдірген»... 07:00 Жаңалықтар...

«АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»... 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ... 21:40 «ШЕФ-4»...

06:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

06:05 «Қызғұ өкел...»... 07:00 «Тобот»... 07:30 «Таңғы хабар»...

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «Күлдірген»... 07:00 Жаңалықтар...

«АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»... 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ... 21:40 «ШЕФ-4»...

06:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

06:05 «Қызғұ өкел...»... 07:00 «Тобот»... 07:30 «Таңғы хабар»...

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «Күлдірген»... 07:00 Жаңалықтар...

«АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»... 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ... 21:40 «ШЕФ-4»...

06:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

06:05 «Қызғұ өкел...»... 07:00 «Тобот»... 07:30 «Таңғы хабар»...

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «Күлдірген»... 07:00 Жаңалықтар...

«АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»... 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ... 21:40 «ШЕФ-4»...

06:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

06:05 «Қызғұ өкел...»... 07:00 «Тобот»... 07:30 «Таңғы хабар»...

06:00 «Ән мен әзіл»... 06:30 «Күлдірген»... 07:00 Жаңалықтар...

«АСТАРЛЫ АҚИҚАТ»... 21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ... 21:40 «ШЕФ-4»...

06:00 «Дидар»... 08:30 «Гороскоп»... 08:35 «Таңғы шоу»...

Құрметті жезқазғандықтар мен қала қонақтары!

Сіздерді 2019 жылдың 18-19 қазаны аралығында сағат 10.00-де Халықтар достығы мен мәдениеті үйінде өтетін Жезқазған қаласының 65 жылдығына арналған «Өнер өлкесінің «Жезжігіт» атты Жазықкелді Сәйітов атындағы республикалық әншілер конкурсын тамашалауға шақырамыз.

ЖЕМҚОРЛЫҚ – ІНДЕТ,ЖОЮ– МІНДЕТ!

ПАРАҚОРЛЫҚҚА – ТОСҚАУЫЛ

Қазақстанда экономиканы жаңдандыру және ауқымды әлеуметтік түрлендіру жағдайында мемлекеттің сыйбас жемқорлыққа қарсы бағытталған заманауи әлеуметтік-экономикалық саясатымен тығыз байланысқан бүтінді стратегияның қажеттілігіне анық көз жеткізді. Осыған байланысты 2014 жылдың 26 желтоқсанында Қазақстан Республикасының 2015-2025 жылдарға арналған сыйбас жемқорлыққа қарсы жаңа стратегиясы бекітілді.

Стратегияның мақсаты – мемлекеттің сыйбас жемқорлыққа қарсы саясатының тиімділігін арттыру және сыйбас жемқорлыққа қарсы қозғалысқа көз-келген жемқорлықтың туындауына «нөлдік» төзімділік таныту атмосфера-сын құру қолын қолдану арқылы барлық қоғамды тарту, сондай-ақ, Қазақстанда сыйбас жемқорлық деңгейін төмендету Стратегиямен белгіленген сыйбас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдың басты бағыттары мынадай: – мемлекеттік қызмет саласында сыйбас жемқорлыққа қарсы іс-қимылдар қолдану; – қоғамдық бақылау институт-тарын енгізу; – мемлекеттік сыйайлы және жеке мәншік секторларында сый-байлас жемқорлыққа қарсы әре-кет жасау; – құқық қорғау және сот орган-дарында сыйбас жемқорлықтың алдын алу;

«ОТАН» (ДОСАФ) АВТОМЕКТЕБІ «В», «В-дан С1-ге», «ВС1», «Д1», «Д», «Е» категориялы жүргізушілер, «АВГ», «БД» категориялы тракторист-машинист курстары. Жезқазған қаласы, Гоголь көшесі, 13. Тел: 0706 76 44 10, 706 61, 8777285577, 8771284279.

БЕЛСЕНДІ ЖАСТАР МЕРЕКЕСІ

Жастар жылы және қаламыздың 65 жылдық мерейтойы аясында «Ғарышкерлер» бульварында Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығының ұйымдастыруымен өткен мерекелік іс-шара кенгірлік балғындардың күмбірлеген күйімен ашылды. Одан әрі қаламыздың мектептен кейін білім беретін оқу орындарының жастары Жезқазғанға арналған жыр шумақтарын тегіліпті, әсем өндiрiн орындады. Концерттік бағдарламамен басталған жастар байқауы әрі қарай спорттық іс-шаралармен жалғасын тапты. Бульвардың әр тұсында садақ ату, қол күрес, арқан тартыс, асық ату сынды қазақтың ұлттық ойындарынан жастар өзара бәсекеге түсті. Талапты жастарға «Қазақмыс» корпорациясы «Zhastar Bolashaq» жастар ұйымы басшысының орынбасары Сәкен Қайратов алғаш білдіріп, арнайы сыйлықтар табыстанды.



– Құрметті қала жастары, алдыңғы буын аға-өкпелеріңіз жақсы істерге ұран тастап, осындай түрлі мәдени, спорттық іс-шараларды ұйымдастырып, өзіңдерің арқа тартпай, әрдайым алға ұмтылыңыз. Себебі, ел басқарып, қоғам игілігіне жұмыс жасап жүрген барлық белгілі азаматтар алғашқы қызмет баспадақтарын осындай қоғамдық жұмыстардан бастаған. Сіздер тәуелсіз еліміздің ертені ретінде талапты да тәртіпті болуларыңыз керек. Ата-аналарыңыз бен еліміз артып отырған сенімді абыроймен ақтауға тырысыңыз, – деді өз сөзінде Сәкен Қайратов.

Спорттық ойындар қорытындысы бойынша асық ату ойынында Жезқазған тау-кен металлургия колледжін студенті Мейрамбек Әбду-оқал, қол күрес бойынша Жезқазған гуманитарлық колледжін студенті Ерасыл Мұхамедияр, арқан тартыс ойыны бойынша Жезқазған жоғарғы медициналық колледжін командасы бірінші орынға ие болды.

– Бүгінгі шараның қала жастары үшін маңызы ерекше. Себебі, бұндай спорттық байқаулар жастарға өз уақыттарын тиімді пайдалануға мүмкін береді. Көбіне қала балалары қазақ халқының ұлттық ойындарын, олардың ерекшелігін біле бермейді. Ал бүгінгі сайыс жоқтың орнын толтыруға мүмкіндік беріп отыр. Мен барлық жезқазғандық жастарды бөледің өмір салтын ұстануға шақырамын, – деген Жезқазған тау-кен металлургия колледжінді І курс студенті Мейрамбек Әбдуоқал алдағы уақыттарда да осындай мазмұнды шаралар жиі ұйымдастырылса деген ұсынысын білдірді.

Жезқазған қалалық жастар ресурстық орталығының директоры Ботакөз Мұхитденова жастарды белсенді болуға шақырып, шаралар келесі аптада да жалғасын табатындығына сендірді.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН Суретті түсірген Фалия ӘБДИПАПРОВА

ЖЕКЕ ХАБАРЛАНДЫРУЛАР

- Продам ружье охотничье двухствольное 16 калибр, 30 патронов, чехол, патронаж, шомпол, ершик. Цена: 35000 тенге. Тел: 71-12-10
• Жұмыс істеп тұрған бизнес. Бағасы – 6700000 тт. Тел: 87779475258
• Клем 2,5х3 10000 тт., айна 37х115 аяғымен 5000 тт., эл планка 3 комф. «Лысьва» 10000 тт., журнал столы 10000 тт., телевизорға арналған шкаф 35000 тт. Тел: 87053345162, 87016675165.
• 4 бөлмелі үй сатылады, орталықтандырылған жылыту, санитарлық торап үй ішінде, жағзы ас үй, бақша, көлөңжа, жертөле. 8,7 млн.т. Саудаласуға болады. Тел: 902916, 87779475258.
• Жақында жөндеу жасалған, жаңа жиһаздармен 3 бөлмелі пәтер сатылады. Айырбас қарастырылмайды. Тел:87479952064.
• 2 бөлмелі үй сатылады. Абай к-сі, 51, 3-қабат, 4,1 млн. тт. Тел:87073709759.
• 92-орамда 10 сотық жер телімі сатылады. Тел:87775749601, 87475527643.
• 91-орамда 4 бөлмелі коттеджді сатылады. 12500000 тт. Тел: 87774840144.
• Продам земельные участки под жилые дома в восточном районе г.Сатпаев. Тел: 8777 1382214.
• Продаю 3-х комн. квартиру (пенрентор) 1 этаж, с гаражом также место под гараж над КРЦ «Матадор» Цена 12000000 тт. Вариант обмена на кв. в Караганде 2-3х комн.Тел:87779621941,87102723972.

БСН 050340007333, ЖСК KZ098560000005225027, БСК КСЖВКЗКХ «Банк ЦентрКредит» АҚ, «Сарыарқа газеті редакциясы» ЖШС.

Меншік иесі: «САРЫАРҚА газеті редакциясы» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі. Директор – бас редактор Дархан Қабылдауылы МҰХАН

Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі ақпарат комитетінде қайта тіркелген (04.01.2019 ж.), куәлік №17433-Г (алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі – №659. 08.07.1997 ж.)

Таралымы – 2000. Көлемі – 4 баспа табақ. Тапсырыс 1551. Газет аптасына бір рет – жұма күні шығады. Бас редактордың орынбасары – Диана ОРАЗАЛИНА, корректор – Бикен ЕСЕНБАЕВА.

100600. Жезқазған қаласы, І.Есенберлин көшесі, 61/3. • http://saryarka.webpress.kz • E-mail: sa\_jez@mail.ru • whatsApp +7 708 420 19 88

Директор – бас редактор: 20-19-88, бухгалтерия/факс: 71-00-55, бас редактордың орынбасары: 71-07-01, тілшілер, газет тарту бөлімі: 77-50-25.



ҚҰТТЫҚТАЙМЫЗ!

**Құрметті Өтеген Ахмет!**



Сізді 65 жас мерейтойыңызбен шын жүректен құттықтаймыз! Өмірден мол тәжірибе жинақтап, жас мамандарды тәрбиелеп, еңбек жолына бағыт беріп, ақылшы болдыңыз. Осы қалпыңыздан таймай, асулардан асып, берекеніз тасып, жұбайыңызбен бірге нәмере шөберелеріңіздің қызығын көріңіз. Сізге зор денсаулық, ұзақ ғұмыр, толымды табыс тілейміз!

**Ізгі ниетпен: Музей ұжымы**

**Құрметті Орынбасар Нұрмашқызы Сыздықова және Майра Сұлтанқызы Сейлова!**



Сіздерді ұстаздар мерекесімен шын жүректен құттықтаймын. Сіздерге денсаулық, бақ-береке тілеймін. Көгер қызықтарыңыз мол, еңбектеріңізге толағай табыс, «ұстаз» деген ұлы ұғымға шәкірттеріңіздің айтар алғыстары таусылмасын. Шәкірттеріңіз биік шыңдардан көрініп, еңбектеріңіз ақтала берсін!

**Қ.Шыңғысов атындағы №5 ЖОББМ-нің 11-сынып оқушысы Арайлым Алмасова**

**№6 Теректі станциясының ардагер ұстаздары мен ұстаздар қауымы!**

Сіздерді алдағы келе жатқан төл мерекелеріңізбен шын жүректен құттықтаймыз! Зор денсаулықтан арқасында еңбектеріңіздің жемісін көріп, мол бақытқа кенеліңіздер. Ұстаз деген – жарық күні ғаламның, Ұстаз деген – анасы ол адамның. Бүкіл әлем мойындайды еңбегін, Сен де одан адам болып жаралдың. Ұстазыңды түсінген ол тереңнен, Бар өлемге еңбегімен елеген. Ұстаздарға мың алғыс!

**Тілек білдірушілер: 1989 жылғы түлектеріңіз.**

СПОРТ

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ТУРНИР ӨТТИ

Ауған соғысында қаза тапқан жезқазғандық интернационалист-жауынгерлер Асылбек Мамажанов пен Виктор Тарадайды еске алуға арналған 2002-2003 жылғы жасөспірімдер арасында бокстан XXVIII халықаралық ашық турнир өтті.



Турнирге 46, 49, 52, 56, 60, 64, 69, 75, 81, 91 келі салмақ дәрежесіндегі жас боксшылар қатысып, жүлделі орындарды сарапта салды. Үш күнге жалғасқан былғары қолғап шеберлері сайысында 46 келі салмақ дәрежесінде нұр-сұлтандық Санжар Ташкенабай, 49 келі салмақ дәрежесінде қарағандылық Нұрболат Богдешов, 52 келі салмақ дәрежесінде нұр-сұлтандық Батырлан Батырабаев, 56 келі салмақ дәрежесінде өзбекстандық Шахбоз Юсалиев биік тұғырдан көрінді. Ал 60 келі салмақ дәрежесінде шаршы алаңға шығып, қарсыластарын басымдықпен жеңген түркістандық Айтуар Жабәң, 69 келі салмақ дәрежесінде нұр-сұлтандық Нұрқадам

Әбдіреш, ал ауыр салмақта қарағандылық боксшылар Никита Боровников, Евгений Приходко және Георгий Аушев жеңіс туын желбіретті.

Сондай-ақ, шараның соңғы күні «Kazakmys» корпорациясы Кувейт мемлекетінде 2005-2006 жылдары туған жасөспірімдер арасында өткен бокстан Азия чемпионатында қола жүлдеге ие болған Дамир Байпақов пен жаттықтырушысына, «Қазақстан Республикасының дене шынықтыру мен спорттың дамуына қосқан үлес үшін» құрмет белгісінің иегері Айтбай Сейітовке алғыс білдіріп, ақшалай сый-сияпат табыстады.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

Апта соңында «Жастар» саябағында орналасқан «Канск» спорттық кешенінің ашылуы қала жастарын қуанышқа кенелтті. Жезқазған қаласы әкімдігі, «Қазақмыс» корпорациясы және «Sevens» ауызсу компаниясының қолдауымен қайта жөндеуден өткен спорт кешенінде күрес, футбол, үстел теннисі, баскетбол, самбо сынды түрлі спорттық секциялар жұмыс істейтін болады.



«КАНСК» СПОРТ КЕШЕНІ – ЖАҢА КЕЙІПТЕ

Жыл сайын үш мыңға жуық бала «Канск» спорт кешеніне келіп, тегін спортпен айналысу мүмкіндігіне ие болып отыр. Спорттық кешеннің ашылуын ұйымдастырушы – 2019 жылдың көктемінде құрылып, ел жастарын спортқа баулуды негізгі миссиясы еткен «СК Namys» қоғамдық қоры. Шара тізгінін ұстаушы жүргізуші Дүйсен Ғалымжанов Нұр-Сұлтан қаласынан арнайы шақырылған. Спорт кешенінің ашылу салтанатын зумба бишілері ашып, жиналған жұртшылыққа фитнесік жаттығуларды үйретті.

Одан әрі концерттік бағдарламаға ұласқан шарада көпке белгілі дәстүрлі өнші Мәди Тұрсынғали халық әндерін әуелетіп жұртшылықты ықыласына бөледі. Жезқазғандық жастардың салауатты өмір салтын ұстанып, спортпен шұғылдануы үшін ашылған кешеннің салтанатына келген Кеңес Одағының Құрметті металлургі, «Ардагерлер кеңесі» қоғамдық бірлестігінің басқарма мүшесі, Еңбек ардагері Тағанбай Салхауов спорттық кешеннің қадамына сәттілік тілеп, батасын берді. Ұлттық олимпиада комитетінің хатшысы Сәкен Мұсайбеков, «Қазақмыс корпорациясы» басқарма кеңесінің бас директоры Эдуард Огай және «СК Namys» қоғамдық қорының негізін қалаушы Серік Керімбеков сөз алып, «Канск» спорттық кешенінің ашылу лентасын қиды. Одан әрі Эдуард Огай мен Серік Керімбеков әріптестік меморандумға қол қойды.

Спорттық кешеннің ашылуына шақырылған құрметті қонақтар қатарында «Транко» АҚ директорлар кеңесінің төрағасы, «СК Namys» қоғамдық қорының мүшесі Фауэр Ихсан, Алматы облысы олимпиадалық резерв орталығының директоры, еркін күрестен 1996 жылы өткен олимпиада ойындарының қола жүлдегері «СК Namys» қоғамдық қорының мүшесі Маулен Мамыр және Қазақстан Республикасы күрес федерациясының вице-президенті, грек-рим күресінен 1996 жылы өткен олимпиада ойындарының жеңімпазы Юрий Мельниченко бар. Олар жезқазғандық жастарды бала күннен спортты серік етуге шақырды.

Спорт кешенінің ашылу салтанатында қала тұрғындарына күні бойы спорттық ойындардан шеберлік сыныптары өткізіліп, жарыстар ұйымдастырылды. Шара сабаққа ағаш егумен қорытыланды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН

1 ҚАЗАН – ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ЕГДЕ АДАМДАР КҮНІ

ҚАРТТАРЫМ, АМАН-САУ ЖҮРШІ!

Үлкендерге ізет танытып, қамқорлық жасау қазақ халқының санасына терең сіңген. Сондықтан, бүгінгі ұрпақ қартын қазынасына балап, терін ұсыну дәстүрінен жаңылған емес. Қарттар күніне орайластырылған халықтық салтанатты шара ақ сақалды аталар мен ақ жаулықты әжелерді құрметтеудің үлгісін көрсетті.

«Nur Otan» партиясы Жезқазған қалалық филиалы ғимаратында ұйымдастырылған жиынның шымалдығын қала әкімінің орынбасары Аманғали Мұхамбетдин өз құттықтауымен түрді.

– 1 қазан – аға ұрпақтың қоғам өміріне қосқан үлесіне шынайы ризашылық білдіретін және ардагерлерге қамқорлық көрсететін күн. Өткен күннің мұрасын, білімі мен тәжірибесін ұрпақтан ұрпаққа жеткізіп, қоғамымыздың дамуына өлшеусіз үлес қосып отырған баға жетпес қазынамыз Сіздерсіз. Сіздердің өмірлеріңіз біз үшін қашанда үлгі-өнеге, – деп шынайы ризашылығын жеткізді ол. Және мысты өлкенің дамуы жолында еңбек сіңіріп, келер ұрпақтың бақытты тұрмысы үшін тер төккен қала тарихында есімдері алтын әріппен жазылған бір топ еңбек ардагеріне Жезқазған қаласының Құрмет грамотасын табыстады. Марапат төрінен табылғандардың қатарында Әлжаппар Әбрезев, Аманжол Үсенов, Алексей Соболев, Жәукен Бәйішев, Лариса Бутина бар.

Мерекелік концертке ұласқан салтанатты шарада Тайжан Қалмағамбетов атындағы филармония әншілері мен жас өнерпаздар самайына ақ түскен қариялардың көңілін көншітер әндерден шашу шашып, олардың алдында бас иді. Он жылдан бері қала жұртшылығын әсем әндерімен әуелетіп жүрген «Жезқазған маржандары» хор



ұжымының тартуын да замандастары үлкен қуанышпен қарсы алып, құлаққа таныс әндерді қосыла шырақтанды. Шынайы ықылас пен сый-сияпатқа көнелген қариялар салтанатты жиыннан ұмытылмас әсер алып, мөре-сәре болысты. «Әулетіңіз ұйытқысы, ұрпағының ақылшысы болған тау тұлғалы қарияларымыздың қатары ортаймасын», – деп тілеген жастардың да кездесуден мол тағлым алғаны байқалды.

Бота ШАЛҚАР

ЖУРНАЛИСТИКА АРДАГЕРЛЕРІ БАС ҚОСТЫ



Халықтың көзі, құлағы һәм тілі аталып кеткен газетте еңбек етіп, бүгінде еңбегінің зейнетін көрер шаққа жеткен қарт журналистер биыл тамыз айында өз ұйымын құруды қолға алған еді. Қазірдің өзінде мүшелерінің саны 17-ге жеткен ардагер журналистер ұйымының төрайымы Сәуле Нүреқенова басқосудың алғы сөзін алып, әріптестерін қала мерейтойымен құттықтады. Және ел дамуының жаңа мүмкіндіктерін ұсынған Жолдаудың басым бағыттарына шолу жасап, көзделген межеге жету жолында әр қазақстандық аянып қалмауы керектігін алға тартты.

Жезқазған қалалық ардагерлер кеңесі жанынан құрылған «Журналист ардагерлер» бастауыш ұйымының мүшелері дөңгелек үстел басына жиналды. Ондағы мақсат ел Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың «Сындарлы қоғамдық диалог – Қазақстанның тұрақтылығы мен өркендеуінің негізі» атты Жолдауын талқылап, шағын ортада қаланың 65 жылдығы мен Халықаралық егде адамдар күні мерекесін атап өту болды.

Және ардагерлерді белсенділікке шақырды.

Сөз кезегін алған Жезқазған қалалық ардагерлер кеңесінің хатшысы Лариса Бутина жиналғандарды қос мерекені құттықтап, қаламгерлердің қоғамдығы орны мен ролі зор екеніне назар аудартып, марапаттау рәсімін жүргізді. Көбейсін Еңсебаевтың, Орал Қасенбекова мен Сәрсен Махамбетованың ұзақ жылғы табысты еңбегі қалалық ардагерлер кеңесінің грамотасымен еленді.

Ардагерлер уақытында өздері жол сілтеп, байыпты бағыт-бағдар берген ізбасарларын көріп, қуанып қалды. Шәкірттерінің жылы шырайы мен құрметін сезінгенде, тіпті марқайды. Ақ тілегін арқалай барғандардың ішінде газетіміздің редакторы Дархан Мұхан мен «Жезказғанский вестник» газетінің редакторы Эльвира Алпанбаева бар. Эльвира Қадыржанқызы Базар Жолдыбаева мен Күлзахиджа Жанәдіповаға Алғыс хат тапсырды.

Дөңгелек үстел басында Жезқазғанның өткені мен бүгінгі жайлы әңгіме өрбітіп, сағым жылдардан естелік айтқан замандастар арқаржақ болысты.

Диана ОРАЗАЛИНА

АТА-ӘЖЕЛЕР АРДАҚТАЛДЫ

1 қазан – Халықаралық егде адамдар күніне орай С.Қожамқұлов атындағы Жезқазған қазақ музыкалық-драма театры алдында қала ардагерлеріне арналған мерекелік концерт өтті. «Қазақмыс» корпорациясы «Jastar Bolashaq» жастар ұйымының бастамасымен ұйымдастырылған шараға «Kazakhstan Smelting» мыс балкыту зауытының бас инженері Шоқан Аблайсов пен «Jastar Bolashaq» жастар ұйымының басшысы Сабыржан Тембаев қатысып, қазыналы қарттарымызды мерекелерімен құттықтады.

– Дана халқымыз «Қарты бардың – қазынасы бар» деп жиі айтады. Сіздердің арқаларыңызда еліміз биіктерден көрінді. Сіздер берген тәлімді тәрбие мен көп-көсір маңдай тердің негізінде жалынды жастар тәрбиеленді. Құрметті қала қарттары, сіздерге зор денсаулық пен қажыр-қайрат тілей отырып, барша «Қазақмыс» корпорациясы басшылығы атынан алғысымды білдіремін, – деді өз құттықтауында Сабыржан Тембаев.

мының өнерлі жастары өннен шашу шашып, мың бұралған билерімен ата-әжелерінің қошеметіне бөленді. Сондай-ақ, мереке күні «Ақ әжелер» ансамблі де өз өнерлерін ортаға салды.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН



ҚАМКӨҢІЛДЕРДІ ҚУАНТТЫ



Өзегіне өкік тығылып, көз жанары мұңға толы, іздеп келушісі жоқ жалғыз басты қарияларды жұбату мүмкін емес. Сонда да қала әкімінің орынбасары Нұржан Орынбаев бастап барған топ жабдыраулы көңілдерді аулап, жан жарасын бір сәтке ұмыттыруға тырысты.

Күнтізбе 1 қазанды көрсеткенде әдетте өзіміз шаңырағымыздағы ұрпағының амандығын тілеген ата-әжеміді, еңбегінің зейнетін көріп отырған ата-анамызды еске алып, құттықтауға асығамыз. Дегенмен, өкініштісі сол өмірде бәрі бірдей үлкендерін алақанына салып, ықыласына бөлеп отырған жоқ. Тағдырдың тәлкегіне түсіп, немеренің тәтті қылығын қызықтап, шебересінің қолынан су ішу бақыты бұйырмаған олар қарттар үшін паналауға мәжбүр.

– Біз қариясын қамқыртырмайтын қайырымды елдің біріміз. Сіздердің бейкам қарттықтарыңыз үшін барлық қолдау шаралары жүзеге асырылуда. Біз сіздердің өткен еңбектеріңізді, жүріп өткен жолдарыңызды жоғары бағалаймыз, – деген Нұржан Серікұлы қарияларға бірінші байлық – денсаулықты тілесе. «Сарыарқа – адалдық алаңы» жобалық кеңесінің жетекшісі Жезқазған өңірінің ауданаралық сыйбалас жемқорлыққа қарсы күрес басқармасының басшысы Әнуарбек Оразбеков қамқөңіл қарттарды жылы сөзбен жұбатты.

Маруа Құлышева атындағы балалар үйінің тәрбиеленушілері бар өнерлерін салып, мерекелік бағдарлама әзірледі. Үлкендерге деген құрметін өнмен жеткізген жеткіншектер өз қолдарынан шыққан естелік сыйлықтарын табыстап, қарттарды қуанып тастады. Өздеріне көрсетілген құрмет-қошеметке разы болысқан қарттар үйінің тұрғындары көңілге медеу сыйлаған жастарға ақ батасын беріп, қимастықпен қоштасты.

Бота ШАЛҚАР

КЕЗДЕСУ

ҰЛТ БАСЫЛЫМЫ – ҰЛАФАТ БАСТАУЫ



– Тарихтар көшімен «Ұшқын», «Еңбек туы», «Еңбекшіл қазақ», «Еңбекші қазақ», «Социалды Қазақстан», «Социалистік Қазақстан», «Егеменді Қазақстан», «Егемен Қазақстан» деген атауларға ие болып, елді толғандырған тақырыптарды қозғаған ел газеті «Егемен Қазақстанның» көтерер жүгі қашан да ауыр. Бұл газетке барша Алаш ардақтарының еңбегі сіңген Газет оқу арқылы біздің дүниетанымымыз кеңейеді. Әрбір азамат өзге ел жаңалықтарын былай қойғанда, өзі тұратын жерде болып жатқан оқиғалар ләйіп біліп отыруы керек және оған ешқашан бейкам қарамауы тиіс. Осы орайда тағы бір айта кететін

Алғашқы нөмірі 1919 жылы Орынбор қаласында «Ұшқын» атауымен жарық көрген бүгінгі «Egemen Qazaqstan» газетіне биыл – 100 жыл. Ұлт басылымының биік шыңы саналатын газеттің 100 жылдық мерейтойы аясында қаламыздағы №8 қазақ гимназиясы «Ұшқыннан» «Егемен Қазақстанға» дейін» деген тақырыпта дөңгелек үстел ұйымдастырды. Шараға облыстық мәслихат депутаты, білім меценаты Бекзат Алтынбеков, филология ғылымдарының кандидаты, доцент, ақын Светлана Жумкина және аймақтық «Жезказғанский вестник» және «Saryarqa» газеттерінің бас редакторлары Эльвира Алпанбаева мен Дархан Мұхан қонақ болды.

жайт – біздің аймағымыздан, соның ішінде Жезқазғаннан шығатын газеттер туралы. Мен төл басылымдарымызды асыға күтіп оқимын және мақтан тұтамын. Сәбебі өзге өңір басылымдарымен салыстырғанда біздің аймақтық газеттер әлдеқайда жоғары деңгейде екендігі көңіл қуантады, – деді өз сөзінде Бекзат Алтынбеков.

Шара барысында оқушылар қонақтарға өздерін толғандырған мәселелерге қатысты сұрақтарын қойып, тұшымды жауаптар алды. «Егемен Қазақстанның» 100 жылдық мерейтойы қарсаңында №8 қазақ гимназиясында түрлі тәрбие жұмыстары ұйымдастырылды. Оқушылар арасында өткізілген спорт сайыстары, конференция, мұшайра, эссе байқаулары 7 қазанда қорытындыланып, жеңімпаздар марапатталатын болады.

Ақниет ТАҒЫБЕРГЕН  
Суретті түсірген Галия ӘБДИҒАППАРОВА

Шет елге шығуға тыйым салынған \ салынбағанын тексеріңіз e.gov